zangazet@mail.ru
№50 (3778)
4 шілде 2025

# ЗАҢ газеті

ZANMEDIA.KZ
Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

ПАРЛАМЕНТ

## ҚОС ПАЛАТАНЫҢ ЖҰМЫСЫ НЕСІМЕН ЕСТЕ ҚАЛДЫ?

**Сегізінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламентінің үшінші сессиясы аяқталды. Қос палатаның бірлескен отырысында осы кезеңде атқарылған жұмыс қорытындыланды. Алқалы жиын тізгінін Парламент Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошанов ұстады.**

Қошанов атап өткендей, Президенттің сайлауалды бағдарламасы аясындағы заңнамалық бастамалардың бәрін дерлік депутаттық корпус осы сессияда іске асырған. Қос палатаның қарауында 158 заң жобасы болып, оның ішінде 89 заң қабылданды.

Осы құжаттарды қарау барысында депутаттар әлеуметтік саясат пен азаматтар мүддесіне басымдық берді. Бұл ең алдымен еліміздің негізгі қаржы құжатында – үш жылдық бюджетте көрініс тапты. Мәселен, оның шығыс бөлігінің шамамен 40 пайызы әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталып, білім беру, денсаулық сақтау салалары мен әлеуметтік төлемдерге айрықша маңыз берілді. Соның нәтижесінде жылдың басынан базалық зейнетақы 6,5 пайыз, сабақтас зейнетақы 8,5 пайыз өсті. Әлеуметтік төлем көлемі де, алушылар саны да артты.

Қыркүйектен бастап стипендия мөлшерін тағы да көтеру жоспарлануда. Оған қоса, ғылыми атақ үшін де үстемеақы қарастырылды. Сонымен қатар, халықты сапалы сумен қамтамасыз етуге, ауылды қолдауға қосымша қаражат бөлінді. Бұл азаматтардың тұрмысын жақсартуға, өңірлерді дамытуға мүмкіндік берері анық.

Үш кодекстің жаңартылып, қабылдануы Президентіміз бастаған іргелі реформалардың іске асуының айқын көрінісі. Соның бірі – Салық кодексі. Өте қызу талқыланған осы құжат бойынша Парламент барлық түйткілді мәселелерде ортақ мәмілеге келді. Әділеттілік идеясы корпоративтік табыс салығының сараланған мөлшерлемесі мен жеке табыс салығының прогрессивті межесінен көрініс тапты. Енді кім көп табыс тапса, сол салықты көбірек төлейді. Бұл ретте, табысы төмен азаматтар үшін елеулі жеңілдік қарастырылған.

*(Жалғасы 2-бетте)*

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# КАССАЦИЯЛЫҚ СОТТАР ҚЫЗМЕТІНЕ КІРІСТІ



**Қазақстан астанасында Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиев пен ҚР Президентінің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі Ержан Жиенбаевтың қатысуымен кассациялық соттың салтанатты ашылу рәсімі өтті.**

*(Жалғасы 2-бетте)*

ТҮЙТКІЛ

# ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ – БІР ОТБАСЫНЫҢ ТРАГЕДИЯСЫ ЕМЕС

### Бір күнгі ұрыстан қырық күндік ырыс кетеді

Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Аналар кеңесі жуырда Алматы облысының Қонаев қаласында кезекті форумын өткізді. Ұйым нашақорлық, құмарпаздық (лудомания), тұрмыстық зорлық-зомбылық, вандализм және ысырапшылдық сияқты әлеуметтік кеселдердің алдын алып, тосқауыл қою мақсатында «Салауатты сана» жобасын әзірлеген болатын. Жоба аясында аталмыш әрекеттердің қайсыбірі көп тіркелетін аймақтарда семинар өткізу жоспарланған еді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының «Тұрмыстық зорлықтың алдын алудағы аналардың рөлі» тақырыбындағы республикалық кеңейтілген отырысы Қонаев қаласында ұйымдастырылды. Өйткені, жыл басынан бергі 5 ай ішінде Алматы облысында тұрмыстық зорлық-зомбылық әрекеттері 23,4 пайызға өсіпті. Нақтылай айтар болсақ, олардың саны 70-тен 87-ге артқан. Тиісті ұйым өкілдерінің айтуынша, бұл көрсеткіш негізінен әкімшілік баптардың қылмыстандырылып, яғни, 63 фактінің «Жеңіл зиян» және «Соққы» деп танылуына орай көбейген.

Алқалы жиында дәстүр бойынша еліміздің барлық облысындағы Аналар кеңесінің өкілдері, мүдделі ұйымдар мен қауымдастық өкілдері, сарапшылар, мамандар бас қосып, 2 күн қатарынан тұрмыстық зорлық-зомбылықтың салдарын ортаға салып, себептеріне үңілді. Кеселдің алдын алу жолдары жайлы кеңесіп, нақты ұсыныстарын ортаға салды. Ең бастысы форум қорытындысы ретінде Қазақстан халқы Ассамблеясының Аналар кеңесі атынан қазақстандықтарға үндеу жариялады.

Кеңес тақырыбына айналған отбасылық зорлық-зомбылық бір әйелдің, бір баланың немесе бір отбасының трагедиясы емес, бүкіл қоғамның беріктігіне сына қағатын келеңсіз құбылыс. Оның дауысы кейде ащы шығып, жұртшылықты дүр сілкіндірсе, кейде ешкімге білінбей, көрінбей елді іштей жегідей жейді. Халқымыз «бір күнгі ұрыстан қырық күндік ырыс кетеді» дейді. Соңғы уақытта отбасындағы зорлық-зомбылықтан 869 адам қайтыс болып, 2086 адамның денсаулығына ауыр зардап келген. Мамандар зорлық-зомбылық адамның психикалық, физикалық жағдайына әсер ететінін айтып дабыл қағуда. Оның салдарынан адамның еңбек өнімділігі төмендеп, жұмыс орнын жоғалтады. Сонымен қатар зорлық-зомбылықтың куәгері немесе құрбаны болған балалар көбінесе психикалық тұрғыдан, оқуда және әлеуметтенуде қиындықтарға тап болады. Ең ауыр салдары – олар еріксіз зорлық-зомбылық үлгілерін өз болмысына қабылдайды. Зерттеу нәтижесінде тұрмыстық зорлық-зомбылық ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, қиын жағдайда өскен балалардың ересек өмірде құрбан не зорлаушыға айналатынын айғақтап отыр. Отбасындағы зорлық-зомбылық азаматтарды қорғауға тиіс институттарға деген сенімге де нұқсан келтіреді. Осының бәрі қоғамның беріктігіне кері әсер ететін факторлар.

### Заң және нәтиже

Сондықтан мемлекеттің әйелдер мен балалар құқығын қорғауға бағытталған саясатты жүйелі түрде жүргізуі зор маңызға ие.

*(Жалғасы 3-бетте)*

4-бет



**Қытай – маңызды стратегиялық серіктес**

5-бет



**Бағлан БЕЙСЕНБАЕВ,** *Ақтөбе облысы бойынша Сот әкімшілігі департаментінің басшысы:*

**«Абай мұрасын дәріптеу жалғасады»**

8-бет



**Хакердің қолтаңбасы**

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# КАССАЦИЯЛЫҚ СОТТАР ҚЫЗМЕТІНЕ КІРІСТІ







*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Салтанатты рәсімге қатысушылар алдында сөз алған А.Мерғалиев Мемлекет басшысы судьялардың IX съезінде сот төрелігіне қолжетімділікті кеңейтуге, инвестициялар мен бизнесті жүргізу үшін қолайлы жағдай жасауға, сондай-ақ әділеттілік және заң үстемдігі қағидаттарын жүзеге асыруға бағытталған сот реформасының маңыздылығын ерекше атап өткеніне тоқталды. Бұл реформаның негізгі элементі кассациялық соттарды енгізу болды.

Жоғарғы Сот төрағасының айтуынша, кассациялық соттың ашылуы сот жүйесі дамуының жаңа кезеңін білдіреді және мемлекеттің сот төрелігінің жоғары стандарттарын қамтамасыз етуге ұмтылысын айғақтайды.

Мемлекет басшысының Жарлығымен жаңа кассациялық сот төрағалары болып тағайындалған азаматтық істер бойынша – Асқар Смайылов, қылмыстық істер бойынша – Ақан Жұмағұлов, әкімшілік істер бойынша – Берік Нәжімиденов сот корпусына таныстырылды.

Жоғарғы Сот төрағасы кассациялық соттар еліміздегі «Заң мен тәртіп» қағидатын бекіте отырып, заң үстемдігін қамтамасыз етудің тиімді буынына айналатынына сенім білдірді. Ресми шарадан кейін қатысушылар азаматтық және қылмыстық істер жөніндегі кассациялық сот ғимараттарының тұсаукесерімен танысты. Сондай-ақ әкімшілік істер жөніндегі кассациялық соттың фронт-кеңсесін, сот отырысы залдарын, судьялар, прокурор, медиатор, адвокат бөлмесі мен оқу орталығын қарап шықты. Одан кейін А.Мерғалиев пен Е.Жиенбаев кассациялық соттардың судьялар құрамымен жұмыс кеңесін өткізіп, негізгі басымдықтар айқындалып, нақты міндеттер белгіленді.

Сот әкімшілігінің басшысы Н.Ахметзакиров кассациялық соттар департаментінің жұмысына оның жаңа басшысы Ержан Қожахметовті таныстырды. Е.Қожахметов бұрын Сот әкімшілігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы кезінде өзін мықты ұйымдастырушы, білікті басшы ретінде танытқан.

**Жоғарғы Соттың баспасөз қызметі**

ПАРЛАМЕНТ

# ҚОС ПАЛАТАНЫҢ ЖҰМЫСЫ НЕСІМЕН ЕСТЕ ҚАЛДЫ?

*(Соңы. Басы 1-бетте)*



Сол секілді Бюджет кодексі орнықты экономикалық дамудың, азаматтардың әл-ауқатын арттырудың негізгі тетігіне айналғанын Қошанов сениммен мәлімдеді. Оның айтуынша бұған жаңа заңнамалық нормалар негізінде бюрократиядан арылу көзделіп, бюджеттік рәсім мерзімі екі есе қысқарғаны, Ұлттық қор ресурсының тиімсіз жұмсалуына берік тосқауыл қойылғаны, өңірлердің бюджеттік дербестігінің артқаны, салық түсімін жергілікті бюджет деңгейіне беру жалғасын табуда. Сонымен бірге, Үкіметтің және бюджет процесіне қатысушылардың заң шығарушы орган алдындағы есептілігі күшейтілді. Мұндай ашықтық пен есептілік азаматтардың сенімін арттырады.

Еліміздің болашағы үшін маңызы зор құжат – Су кодексі. Бұл құжатта су ресурстарын қорғау мен дамытуға, оны үнемдеп, жауаптылықпен пайдалануға басымдық берілді. Суды қайта пайдалану технологиясы, судың ысырабын азайту шаралары еліміздің тәжірибесіне енгізілді. Қошанов мырза өткен сессияда қабылданған «Ұлттық қор – балаларға» заңының жалғасы ретінде осы сессияда «Келешек» бірыңғай ерікті жинақтаушы жүйесінің құқықтық негізі жасалғанын атап өтті. Мұнда жинақталған қаражатты еліміздегі және шет мемлекеттердегі колледждер мен жоғары оқу орындарында білім алуға, тұрғын үй сатып алуға пайдалануға болады. Бұл – мемлекет тарапынан балалардың білімі мен болашағына салынатын игі инвестиция. Сондай-ақ, депутаттар бастамасымен дарынды балаларды қолдауға қатысты нормалар енгізілді. Енді халықаралық олимпиада жеңімпаздары білім беру грантын конкурссыз иеленіп, оны «Болашақ» бағдарламасы аясында да ала алады.

Осы сессияда азаматтардың денсаулығын қорғау мәселесіне бұрын-соңды болмаған дәрежеде назар аударылғанын білеміз. Депутаттар міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі кейбір тәсілдерді қайта қарады. Медициналық көмектің бірыңғай топтамасы енгізілді. Енді сақтандыру мәртебесіне қарамастан, барлық азаматқа базалық медициналық көмек беріледі. Жұмыссыз және жұмыс істемейтін адамдар үшін МӘМС жарналарын төлеу жергілікті бюджет есебінен жүргізіледі. Ұсынылған шаралар арқасында миллионнан астам қазақстандық қосымша сақтандыру жүйесімен қамтылады. Бұдан бөлек, міндетті онкологиялық скрининг мемлекеттік тегін медициналық көмек қызметтері тізбесіне енгізілді. Бұл шара үш жарым миллион адамды қамтиды.

Заң мен тәртіп үстемдігін орнату бағытында да жүйелі жұмыс жүрді. Парламент қабылдаған жаңа шаралар үлескерлік құрылыс саласында тәртіп орнатып, азаматтар құқығын қорғауға бағытталған. Қошанов мырзаның айтуынша, депутаттар бұл мәселеге алғашқы күннен бастап ерекше маңыз берipті. Бұған азаматтардан қарызынан құтылуға көмектесуді сұраған мыңдаған хат себеп болды. Осыған орай, былтыр халықтың шамадан тыс қарыз алуын азайтуға бағытталған маңызды нормалар қабылданып, осы сессияда бұл жұмыс жалғасын тапты. Депутаттар қаржылық қызмет алушылар құқығын қорғау шарасын күшейтті. Олардың аясында халықтың әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтары үшін қарыз бен микрокредиттер бойынша төлем мерзімін үш айға шегеру мүмкіндігі енгізілді. Сонымен қатар онлайн режимде тез әрі кепілсіз несие беру тәжірибесі тоқтатылды. Енді әр несие өтініш бойынша «салқын ақылға салып» ойлануға 24 сағат уақыт беріледі. Бұл аралықта банк те, кредит алушы азамат та өз шешімін, барлық ықтимал қауіп-қатерді тағы бір рет саралай алады.

Бүгінде қоғам алдында тұрған үлкен сын-қатердің бірі – кибералаяқтық. Ұйымдасқан қылмыскерлер интернет кеңістігі арқылы әрекет етіп, заңнамадағы олқылықтарды пайдаланып жүр. 2024 жылдың өзінде жалпы айналымы 24 млрд теңгені құрайтын алты мыңнан астам дроп-карта анықталған. Осы орайда өршіп келе жатқан қауіпке уақытылы жауап ретінде дропперлер үшін қылмыстық жауаптылық енгізілді. Депутаттар бастамашы болған есірткі заттарының заңсыз айналымына қарсы іс-әрекет туралы заң – дер кезінде қабылданған, аса маңызды құжат екені сөзсіз. Бүгінде еліміздегі түзеу мекемелерінде төрт мыңға жуық есірткі өткізушілер мен жасырып кетушілер, яғни закладчиктер қамауда отыр. Әдетте, бұл жеңіл жолмен ақша табуды көздеген, бірақ есірткі өндірушілермен бірдей жаза арқалаған өрімдей жастар. Осыны ескерген депутаттар есірткі қылмысы бойынша жазаны саралауды жүзеге асырып, есірткі өндіру мен оны өткізу арасындағы жауаптылықтың ара-жігін ажыратты. Есірткі дайындағаны, өңдегені және өндіргені үшін өмір бойына бас бостандығынан айыруға дейінгі жаза қарастырылды. Бұл ретте, есірткі жасырып кетушілердің түзу жолға түсуіне мүмкіндік беріліп отырғанын атап өту керек.

Сот жүйесін жаңғырту жалғастырылып, осы сессияда сот ісін жүргізудің барлық түрі бойынша кассация тәртібін қайта қарау жөніндегі маңызды өзгерістер енгізілді. Сонымен қатар, депутаттар Қазақстан армиясының беделі мен мәртебесін арттыру, ұлттық қауіпсіздік нығайту ісіне ерекше басымдық берді. Жаза басқан жандарға мүмкіндік беруге бағытталған «Рақымшылық туралы заң» да осы сессияда қабылданды.

Парламент аясында атқарылған жұмыстарға тоқталған Ерлан Жақанұлы заң шығарудағы олқылықтарды ортаға салып, Үкімет мүшелеріне біріқатар басынасын жеткізді. Соның бірі атқарушы биліктің депутаттар бастамасына қатысты беретін қорытындысында екіұшты ұстанымның көрініс табатынына қатысты болды. Оның айтуынша мемлекеттік органдардың қорытынды жобаны әзірлеуге атүсті қарайтыны байқалады.

Конституция бойынша, депутаттармен қатар Үкіметтің де заңға бастамашылық етуге құқығы болса да, министрліктер мәселені депутаттардың түзетулері арқылы немесе Парламентке хат жазу арқылы шешуді әдетке айналдырған. Үкімет регламенті бойынша, түзетуді заң жобасын Мәжілісте талқылау кезеңінде енгізу туралы норма бар. Министрліктер тарапынан осы нормаға тым жиі жүгіну орын алып отыр. Кейде ондай түзетулер жалпы отырыс өтетін күні келіп түсіп жатады. Осы сессияда аталған тармақ бойынша Үкіметтен түскен хаттар саны екі есе артып кетіпті. Негізінде мұндай маңызды мәселелер Үкімет қабырғасында жан-жақты пысықталып, терең зерттеліп, хат түрінде емес, заң жобасы ретінде рәсімделген соң Парламентке түсуге тиіс. Мұның бәрі заң жобаларының Парламенттен өтуін қиындатумен қатар, сапасын да төмендетеді.

Депутаттық сауалдарға берілетін жауаптарда да Үкімет тарапынан біркелкі ұстаным жоқ. Осы сессия барысында мемлекеттік органдарға 625 сауал жолданды. Әр сауалдың артында халықты толғандыратын мәселе тұратыны белгілі. Алайда, оларға берілген жауаптардың мазмұны мен сапасына көңіл тола бермейді. Осындай өзекті мәселелер ортаға салынған жиыннан соң халық қалаулылары тұрғындармен тілдесу үшін аймақтарға баратыны белгілі болды.

**А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,**
**«Заң газеті»**

КӨЗҚАРАС

# ТУРИЗМ МЕН УРБАНИЗАЦИЯ:
## ДАМУДЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

**Қазақстан – табиғаты бай, тарихи-мәдени мұрасы терең ел. Соңғы жылдары туризм саласы белсенді дамып, урбанизация үдерісімен тығыз байланыста өрбуде. Туризм елдің танымалдығын арттырса, урбанизация туристерге қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз етеді.**

2023 жылы Қазақстанға 1,2 миллионнан астам шетелдік турист келген. Бұл – пандемияға дейінгі көрсеткішке жақындаған жоғары деңгей. Елде туризмнің экологиялық, мәдени, тарихи және емдік бағыты сұранысқа ие. Түркістандағы Ясауи кесенесі 2003 жылы ЮНЕСКО тізіміне енсе, Шарын шатқалы – табиғи ғажайып. Оның ландшафты АҚШ-тағы Гранд-Каньонмен салыстырылады.

Үкімет 2019 жылдан бастап «Kazakh Tourism» ұлттық компаниясының жұмысын күшейтіп, 2025 жылға қарай туризмнің ЖІӨ-дегі үлесін 8%-ға жеткізуді мақсат етіп отыр. Сонымен қатар, «Жібек жолы» бағыты қайта жаңғыртылып, елді аймақтық туристік хабқа айналдыру көзделуде.

Урбанизация үдерісі де қарқын алып келеді. БҰҰ дерегі бойынша, 2030 жылға қарай Қазақстан халқының 70%-ы қалаларда өмір сүруі мүмкін. Астана – әлемдегі ең жас астананың бірі. Соңғы 25 жылда қала халқы 400 мыңнан 1,3 миллионға дейін өскен. Бұл – үш еседен астам өсім. Қалаларда заманауи әуежай, метро, «ақылды қала» технологиясы мен халықаралық деңгейдегі қонақ үйлердің салынуы туризм сапасын арттыруда. Алайда урбанизация табиғи ресурстарға түсетін жүктеме мен тарихи нысандардың сақталуына қауіп төндіреді. Сондықтан тұрақты даму қағидатын ұстану – басты шарт. Ал туризм мен урбанизацияны тиімді үйлестіріп басқару – елдің халықаралық беделін арттырып, экономикалық өсімге жол ашады.

**Назым КАРИМОВА,**
**Талдықорған қаласы**
**М.В Ломоносов атындағы № 5 орта мектеп-лицейінің оқушысы**



ТҮЙТКІЛ

# ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ – БІР ОТБАСЫНЫҢ ТРАГЕДИЯСЫ ЕМЕС

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Қуаныштысы сол, бұл мәселе бүгінде мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі басымдығына айналды. Соның нақты көрсеткіші – былтыр 16 маусым күні Отбасылық зорлық-зомбылыққа қарсы «Салтанат» заңы деп аталған құқықтық құжат қолданысқа енді. Биыл заңның қабылданғанына бір жыл толып отыр.



Кеңейтілген отырысты ашқан Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Аналар кеңесінің төрағасы Назипа Шанай осы мерзім ішінде тұрмыстық зорлықпен күрес бойынша жүргізілген жұмыстар нәтижесіне тоқталды. Назипа Ыдырысқызының айтуынша, ресми мәлімдемесіз, өңірлік жұмылдыру топтарының деректері, полиция қызметкерлері, куәгерлер, әлеуметтік желілерді талдау және тағы басқа шаралар негізінде отбасылық-тұрмыстық сипаттағы құқық бұзушылықтарды анықтау едәуір артыпты. Мұны заңның басты нәтижесі деп бағалауға болады. Тек биылғы қаңтар-мамыр айларында 19 мыңнан астам осындай жағдай анықталыпты. Осы аралықта тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы хабарлама 20,5 пайызға аз түскен. Оның ең көбі Алматы мен Астана қалалары және Қостанай, Павлодар, Жамбыл облыстарына тиесілі. 5 айдың қорытындысы бойынша, аса ауыр қылмыстың тіркелуі 44 пайызға азайып, отбасылық-тұрмыстық қатынас саласындағы ауыр қылмыс 29 пайызға кеміді. Кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілік бойынша қылмыстар да сиреген. Олар 21,3 пайызға, педофилияға байланысты қылмыстар 40,7 пайызға төмендепті.

Елдегі мектептерге «111» мемлекеттік Байланыс орталығы қызметінің QR-кодын орналастыру арқылы балалар арасында зорлық-зомбылық, буллинг, күрделі психоэмоционалдық жағдай фактілерінің алдын алу, анықтау фактісі көбейді. Биылғы бес айда балалардан 86 мыңнан астам смс-хабарлама түсіп, оның ішінде 2 мыңнан астамы зорлық-зомбылық, бұзақылық және психоэмоционалдық жай-күйіне байланысты көмек сұрап жүгінген. 28 жағдайда суицидтің алдын алуға мүмкіндік туды.

Бүгінгі таңда еліміздің көптеген азаматтары көмек сұрап «111» қызметіне жүгінетін болды. Бес айда ересектерден әлеуметтік мәселелер, балалардың қауіпсіздігі, психологиялық көмек және отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері бойынша 62 мың қоңырау соғылған. Отбасыларға, әйелдер мен балаларға көмек көрсету ауқымы кеңейді. 20 психологиялық қолдау орталығы ашылып, еліміздің 112 ауданы мен қаласында «Отбасын қолдау орталықтары» жұмыс істей бастады. Сол орталықтар арқылы алғашқы тоқсанда 34 мың отбасыға әлеуметтік, психологиялық, заңгерлік көмек көрсетіліп, 2 мың отбасына қолдау жасалды.

Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында агрессормен психологиялық жұмыс жүргізу бағыты қолға алынды. Биыл 52 жанжалшыға қатысты соттар денсаулық сақтау органдарында міндетті түрде психологиялық көмек алу бағдарламасынан өту міндетін тағайындаған.

## Қоғамдық бақылау күшейтілуі керек

Әйтсе де, тоқмейілсуге әлі ерте. Өйткені, тұрмыстық зорлық-зомбылық азаймай тұр. Осыны қынжыла жеткізген Назипа Ыдырысқызы кеңеске қатысушылар назарын көрсеткіш бойынша алда тұрған үш облысқа аудартты. Мұндай әрекеттер аз тіркеліп отырған өңірлер де арқаны кеңге сала алмайды. Себебі, ондағы көрсеткіштің төмендігі аталмыш заңның толыққанды насихатталмауынан, азаматтардың ондағы талапты дұрыс білмеуінен болуы әбден мүмкін. Заңдағы тұрмыстық зорлық фактілері жайлы куәгерлердің жеткізу мүмкіндігі туралы талаптардан қоғам тиісті деңгейде хабардар емес. Мағлұматы болса да отбасындағы жағдайды сыртқа шығарып, көмек сұрауды ұятқа санайтындар да баршылық. Яғни, кейбір өңірлерде тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілерінің аз тіркелуінің астарында осындай жағдай жатуы сөзсіз. Егер расында солай болып, «бас жарылса бөрік ішінде, жең сынса қол ішінде» қала берсе, нағыз «ауруын жасырған өледінің» кері болады.

Жалпы, қоғамды толық құқықтық деп айту қиын, өйткені, адамдардың құқықтық мәдениетінің деңгейі жайлы білмейміз. Заңның негізгі міндеті – шектеу. Ал, қылмыс тек шектеумен азаймасы анық. Мысалы, педофилдерді өмір бойы өтелетін жазаға кесу қолданысқа енді. Алайда олардың іс-әрекеті ұят деп немесе заң талаптарын білмеу салдарынан назардан тыс қалса, шектеудің еш пайдасы болмайды. 2025 жылдың 5 айының ішінде 26 педофилге осындай жаза берілді. Дегенмен, жаңа фактілер қайта-қайта анықталып жатыр. Сондықтан ана мен баланы қорғауға отбасынан бастап, барлық органдар, тұтас қоғам тікелей қатысуы керек.

Осы деректерді ортаға сала келе республикалық Аналар кеңесінің төрағасы тәрбие мәселесін және ондағы аналар рөліне назар аудартты. «Ұлтты ана тәрбиелейді. Бала бақытты болуды отбасынан үйренеді. Аналардың білімі мәдениеттілікті қалыптастырады. Сондықтан, біз өз отбасымызға арналған қағидаттарды санамызға бекітіп алайық. Біз рухани азғындап барамыз – ұялуды қайта үйренейік, бұл мәдениеттіліктің шыңы. Екіншіден, жамандық адамзаттың өз қолымен істеледі, біз қазір жамандық дауылының астында қалдық – қарсы тұру үшін біздер шынайы дос болайық. Адамзат бауырластығының кодексі барлық діни кітапта жазылған», – деді.

Назипа Ыдырысқызы, бұл орайда ақпараттық технология өмірімізге дендей енген қазіргі кезеңде ата-аналардың балалардың дамуына ілесе алмай жатқанына назар аудартты. Ата-ана болу – үлкен жауапкершілік. Өйткені, бала үлгіні өз ата-анасынан алады. Сондықтан ата-ананың заманауи білімді, соның ішінде психологияны игеруі өте маңызды. Жалпы, тұрмыстық зорлық-зомбылық әрекеттері өз сипаты жағынан моральдық-психологиялық мәселе. Өкінішке қарай, замандастарға білікті психологиялық көмек көрсету күрделі әрі өзекті. Себебі, елімізде психология ғылым ретінде толыққанды дамымаған. Шетелден оқып келіп жатқан мықты мамандардың бұл саланың ұлттық философия, құндылық, менталитет секілді негізгі бастауына қанық екендігі күмән тудырады. Олардың түзейміз деп, бүлдіріп жатпасына кім кепіл?! Яғни, сырттан оқыған мамандар ұлттық кодты бұзып жатуы әбден мүмкін ғой. Сондықтан ұлттық психология ғылымын аяққа тұрғызып, уақыт талабына сай келетін сала мамандарын даярлау өте өзекті. Облыс әкімдері өз өңіріне қажет мамандар есебін шығарып, мемлекетке тапсырыс беру ісін жолға қою керек. Осы жайлы айта келіп, Назипа Ыдырысқызы жалпы қазіргі психологтардың жұмысы, мамандар біліктілігі қоғамдық бақылау назарында болып, осы шараға Аналар кеңесі мен Ақсақалдар ұйымының белсене атсалысуы қажеттігін мәлімдеді. Бұл ұйымдар жалпы қоғамдағы тиісті заңнама талаптарының түсіндірілуі, ақпараттың ашықтығы мәселесін де назардан тыс қалдырмауы тиіс.



*Біздің елімізде балаларға қатысты сексуалдық сипаттағы қылмыстар 40 пайызға өскен. Бұл жай ғана сан емес, көмек сұраған жанайқай. Өйткені, мұндай жағдайлар «қауіпсіз» деп саналатын отбасында орын алады. Яғни, қылмыскерлердің 80 пайызы ешқашан полиция назарына ілінбегендер. Бұл отбасылық қауіпсіздік жүйесінің әлсіздігін көрсетеді.*

## Әкелер отбасының тірегі болсын десек...

Елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың азаймай отырғанын, көрсеткіштер нақты жағдайдың шынайы бейнесі емес екендігін жиында сөз алған «Ақжелкен» групп қоғамдық қорының директоры Гүлнар Әмірова да айтты. Оның сөзінен түйгеніміз, Қазақстан қауіпсіздік деңгейі бойынша орта санаттағы елдердің қатарында болғанымен, әйелдер мен балаларға жасалатын зорлық бұл деңгейден жоғары. Біздің елімізде балаларға қатысты сексуалдық сипаттағы қылмыстар 40 пайызға өскен. Бұл жай ғана сан емес, көмек сұраған жанайқай. Өйткені, мұндай жағдайлар «қауіпсіз» деп саналатын отбасында орын алады. Яғни, қылмыскерлердің 80 пайызы ешқашан полиция назарына ілінбегендер. Бұл отбасылық қауіпсіздік жүйесінің әлсіздігін көрсетеді.

Алматы облысында 11 Отбасын қолдау орталығы жұмыс істеп жатыр. Орталықтар отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасына, балалар тәрбиесіне, әлеуметтік қолдауға бағытталған. Әр өңірде құрылған мобильді топтармен үйлерге барып, көмек көрсету жолға қойылған. Әмірова ханымның айтуынша, бұл жеткіліксіз. Өйткені, әлі де біз әйел өзіне жасалған зорлықты дәлелдеу керек деп отырмыз. Бұл – қате түсінік. Бізге дәлелдеуге емес, алдын алуға бағытталған ұстанымға негізделген жаңа парадигма керек.

Ол үшін біріншіден заңнаманы нақтылау және құқық қорғау жүйесінің тиімділігін арттыру маңызды. Нақтылап айтқанда, зорлық-зомбылыққа қарсы заңдарды орындау міндетті және ымырасыз болу керек. Құқық қорғау органдары қызметкерлерін гендерлік сезімталдық бойынша оқыту, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған стандартталған алгоритм енгізілсе құба-құп. Екіншіден, білім беру жүйесін реформалау және зорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыруға көңіл бөлінуі тиіс. Бұл орайда мектеп бағдарламаларына эмоциялық интеллект, келіспеушілікті шешу мәдениеті, жыныстық тәрбие элементтерін енгізу кезек күттірмейді. «Әке – тірек», «Нағыз ер азамат қорғайды» деген сынды жобалар аясында ерлер клубтарын, кеңестерін көбейту және әкелерге арналған тәлімгерлік, ата-аналық дағдылар бойынша тегін курстар ұйымдастыру қажет. Әлеуметтік желі арқылы жастарға әсер ететін блогерлер мен медиатұлғаларды тартып, зорлыққа қарсы бейнероликтерді жасап, тарату өзекті. Сонымен қатар әйелдердің экономикалық және құқықтық дербестігін нығайтуға көңіл бөлудің қажеттігі алға шығады. Бұл орайда оларға арналған кәсіпкерлік хабтар, қашықтан жұмыс істеу мүмкіндіктері, цифрлық сауаттылық курстары үлкен көмек болады.

## Зорлық жақындардан болғанда қорғану қиын

Жиында сөз берілген Human Rights Lawyers ҚҚ жетекшісі Ләззат Рақышева да бұл тұрғыда нақты ұсыныстарын ортаға алды. Ол өзі бейкүнә сәби кезінде көрші ұлдан жыныстық зорлық көріп, жүрекке түскен жараның осы салдарымен өмір бойы күресіп келеді екен. Айтуынша, бұл оңай емес. Оны зорлықты басынан кешкен адам ғана ұғына алады.

Өкінішке қарай, біздің мәдениет пен қоғамда тұрмыстық зорлық қалыпты жағдай ретінде қаралады және көп ретте оны ақтап алады, соның салдарынан мұндай жағдайларды анықтау және алдын алу қиындап кетті. Бұл зорлықтың жалғасуына және оның ұрпақтан-ұрпаққа таралуына жол ашуы мүмкін. Сондықтан ақпараттық-түсіндіру іс-шараларының пәрменділігін арттыру қажет.

Бүгінде тұрмыстық зорлық-зомбылықты анықтау және көмекке жүгінуде қиындықтар бар. Зардап шегушілер, әсіресе, агрессор ең жақын адамы болған жағдайда сан кедергіге тап болады. Бұл тергеу мен іздестіру шараларын кідіртіп, зорлық әрекеті ұзақтығының артуына соқтырады. Сондықтан кез келген қалыптағы зорлыққа жол жоқ екенін және оның жазаланатынын, зорлық – бұл қылмыстық жаза тағайындалатын іс екенін жеткізу маңызды. Барлық сипаттағы зорлықты түп-тамырымен құртып, зорлықты қалыпты жағдайға айналдыруды жою қажет.

## Зорлыққа ұшырауға мінез-құлықтың әсері бар

Форум аясында зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша ұйымдастырылған тренингте нақты практикалық кеңестер берілді. Солардың ішінде психолог, суицидолог Резеда Баймұхаметованың әңгімесі ғылыми тұрғыдан негізділігі және өмірге жақындығымен назар аудартты. Баймұхаметова ханым бұл ретте зорлық-зомбылыққа ұшырауда адам мінез-құлқының ықпалы жайлы айтып, осы тұрғыда нақты мағлұматтар беріп еді. Ғылымда виктимизация деп аталып, белгілі бір ойлау тәсілін, эмоционалды реакцияларды және дәрменсіздік, қорғансыздық сезімімен сипатталатын мінез-құлық зорлық-зомбылыққа ұшыраудың бір факторы екен. Зерттеулер жәбірленуші мінез-құлық танытатын адамдардың өздерін жағдайлар құрбаны ретінде сезініп, айналасындағы әлемді дұшпан және әділетсіз деп санайтынын көрсетіп отыр. Мұндай адамдар үнемі өздерін аяуға, жала жабуға, өмірдегі проблемалардың санын көбейтуге бейім. Жәбірленуші мінез-құлқына тән белгілер: басқа адамдарға шамадан тыс тәуелділік, тәуелсіз шешім қабылдауды және жауапкершілікті қажет ететін жағдайлардан қорқу және алаңдаушылық. Көбінесе бұл авторитарлық ата-аналар ортасында өскен адамдар. Жарақат және жағымсыз оқиғаларды бастан өткерген немесе зорлық-зомбылыққа ұшыраған адамдар құрбандық мінез-құлқын дамыта түседі. Өзін-өзі бағалауы төмен және өзіне деген сенімділігі төмен адамдар жәбірленуші мінез-құлыққа бейім болуы мүмкін. Олар жеткілікті күшті сезінбеуі және қиындықтарды жеңе алмауы мүмкін. Егер адам өз өміріндегі оқиғаларға құрбандықпен жауап беруге дағдыланған болса, бұл барлық жағдайларда автоматты түрде жасалатын әрекетке айналады. Мұндай себептерді түсіну кейбір адамдардың неліктен құрбандық мінез-құлқын көрсететінін түсіну үшін маңызды.

Алайда, әр адамның ерекше екенін және құрбандықтың өзіндік ерекшеліктері мен себептері болуы мүмкін екенін атап өткен жөн. Десе де осы мәселелерді зерделеу арқылы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың түп негіздерін анықтап, қоғамда оған қарсы иммунитет қалыптастыра аламыз. Яғни, виктимизация ғылымы қылмыстардың алдын алу саясатын, бағдарламаларын және ресурстарын әзірлеу үшін пайдалануға болатын ақпаратты ұсынады. Оның зерттеулері қылмыстарды және олардың құрбандарға әсерін жақсы түсінуге, қауіпсіз қоғам құруға бағытталған стратегияларды жасауға көмектеседі.

Осылайша Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Аналар кеңесінің бұл кеңейтілген отырысы қоғамдағы өзекті мәселелерді талқылап, нақты ұсыныстар жасалған сындарлы диолог алаңы болды.

**Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»**

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

# ҚЫТАЙ – МАҢЫЗДЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕС

**Батыс Қазақстан облысы делегациясының жетекшісі, облыс әкімі Нариман Төреғалиев Қытай Халық Республикасына ресми сапары аясында Цзянсу провинциясы Халық үкіметінің төрағасы, партия комитеті хатшысының орынбасары Сюй Куньлиньмен кездесті.**



Кездесу барысында облыс әкімі Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Астана қаласында өткен II «Қытай – Орталық Азия» саммитінде «ҚХР Қазақстанның ірі сауда-экономикалық серіктесі» деп айтқанын алға тартып, екі ел арасындағы қарым-қатынас әрқашан достық пен ынтымақтастыққа құрылғанын атап өтті.

– Қазақстан үшін Қытай маңызды қызмет салаларындағы стратегиялық серіктес. Бізді ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи достық байланыстырады. Батыс Қазақстан облысы – Қазақстанның «батыс қақпасы». Қытаймен арадағы тығыз сауда-экономикалық байланыстарды ескере отырып, біз екіжақты ынтымақтастықты кеңейту үшін өзара тиімді жобаларды жүзеге асыруға дайынбыз», – деді Нариман Төреғалиев.

БҚО әкімдігі баспасөз қызметі берген мәліметке қарағанда Цзянсу провинциясының Халық үкіметінің төрағасы да өңірмен сауда-экономикалық байланысты нығайтуға ынта-ықылас танытқан. Келіссөздер барысында тараптар Батыс Қазақстан облысы мен Қытайдың ең дамыған индустриялық өңірлерінің бірі – Цзянсу провинциясы арасындағы сауда-экономикалық әріптестікті тереңдету мәселелерін талқылады.

БҚО әкімі өңірдің Қытайдың индустриалды-логистикалық орталықтарымен тікелей байланыс орнатуға мүдделі екенін жеткізіп, 2024 жылы БҚО мен Қытай арасындағы тауар айналымы 25 пайызға артып, 88,4 миллион АҚШ долларын құрағанын атап өтті.

Осы сапарда өңір басшысы Нариман Төреғалиев Цзянсу провинциясының ірі өндірістік және сауда конгломераттарының бірі – Jiangsu SOHO Holding Group мемлекеттік корпорациясының басшылығымен кездесу өткізген.

Іс-шара Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ерекше назар аударатын Қазақстан мен Қытай арасындағы өңіраралық байланысты нығайту аясында өтті.

Jiangsu SOHO Holding Group 380-нен астам кәсіпорынды біріктіріп, халықаралық сауда, логистика, тоқыма өнеркәсібі, «ақылды» өндіріс және қаржыландыру саласында ауқымды жобаларды жүзеге асырады. Компанияның сыртқы экономикалық операцияларының жылдық көлемі 11 миллиард АҚШ долларынан асады, географиясы 160-тан астам елді қамтиды.

Кездесу аясында тараптар БҚО өнімдерін SOHO сауда алаңдарына жеткізу, «Қытай – Орталық Азия – Еуропа» бағыты бойынша логистикалық тораптарды Қазақстанда орналастыру, Қытай тарапының ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуге және сақтау, өткізу инфрақұрылымын дамытуға қатысу бағыттары бойынша ынтымақтастық мүмкіндіктерін талқылады.

SOHO-ның Азия, Еуропа және Таяу Шығыс елдеріндегі көтерме және бөлшек сауда арналары желісі арқылы Батыс Қазақстан облысының өнімдерінің экспортын ілгерілету бастамасы ерекше қызығушылық тудырды. Компания басшылығы Батыс Қазақстан облысының бизнес өкілдеріне тегін кеңсе бөлмесін беруге дайын екенін білдіріп, ықылас танытты.

Келіссөздер нәтижесінде инвестициялық ұсыныстарды дайындау үшін нақты сала деңгейінде қосымша кеңестер өткізу туралы келісімге қол жеткізілді.

Облыс әкімі Нариман Төреғалиев Jiangsu SOHO Holding Group сияқты жоғары технологиялық және халықаралық нарыққа бағытталған серіктестермен ынтымақтастықты одан әрі тереңдету Қазақстанның Қытай мен Еуразия елдері арасындағы сенімді экономикалық көпір ретіндегі ұстанымын нығайтуға септігін тигізетініне сенім білдірді.

Бұл кездесу Қазақстанның Қытайдағы Елшілігінің қолдауымен ұйымдастырылды.

**Айгерім ҒАЛЫМ**
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ



ТАЛҚЫ

# ҮЛЕСТІК ҚҰРЫЛЫС, ЖОЛ ЖӘНЕ ИНВАТАКСИ: ҮШ БАҒЫТТЫ ҚАМТЫҒАН ЖАҢА ЗАҢ

**Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу, автомобиль жолдары және мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау қызметтеріне қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды. Осы жаңа заңның мазмұны мен мақсаты жайлы толығырақ білу үшін Сенаттың Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің төрағасы Сүйіндік Алдашевке сұрақтар қойған едік.**

**Сүйіндік Тасеменұлы бізге жаңадан қабылданған заң жобасының басты мақсаты жайлы талдап берді.**



## Көлеңкелі құрылыстар болмайды

– Бұл құжат үлестік құрылыс саласын мемлекеттік реттеуді күшейтуге, тұрғын үй жылжымайтын мүлікпен жасалатын мәмілелерді реттейтін нормалар мен ережелерді қатаңдату арқылы сұр құрылыс үлесін қысқартуға, мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға, автожол саласының кадрлық әлеуетін арттыруға бағытталған. Заңның ережелерін шартты түрде 3 ірі блокқа бөлуге болады. Біріншісі – құрылыс және тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу саласындағы заңнаманы жетілдіру; екіншісі – жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының сапасын арттыру; үшіншісі – мүгедектігі бар адамдарға инватакси қызметтерін көрсету мүмкіндігін кеңейту. Заңның негізгі бағытына үлескерлердің мүдделерін қорғау мақсатында нормалар, құрылыс салушыларға қатаңдату шараларының пакеті, сондай-ақ оларға қойылатын жағдайлар мен талаптарды жақсартуға мүмкіндік беретін ынталандыру шаралары көзделген үлестік құрылыс мәселелері жатады. Бұл тақырып бүгінгі таңда өте өзекті болып отыр. «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» қолданыстағы заң ақшаны тартудың үш заңды әдісін көздейді. Біріншіден, бірыңғай оператордың кепілдігі. Барлығы 255 нысанға кепілдік берілді, бұл – салынып жатқан тұрғын үйдің жалпы нарығының төрттен бір бөлігі. Бүгінгі таңда оның ішінде 221 нысан бойынша құрылыс аяқталды. Екіншіден, банктердің құрылыс жобаларына қатысуы. Барлығы 588 нысан бойынша үлескерлердің ақшасын тартуға рұқсат берілді. Сондай-ақ үшіншіден, көппәтерлі тұрғын үйдің қаңқасын салғаннан кейін ақша тарту. Осы әдіспен 156 нысан бойынша үлескерлердің ақшасын тартуға рұқсат берілді.

## Үлестік құрылыста проблемалық нысандар бар

– Мәселен, 2025 жылдың басында республикада 41 проблемалық үлестік құрылыс нысаны және құрылысы жергілікті атқарушы органдардың рұқсатынсыз немесе бірыңғай оператордың кепілдігінсіз жүргізіліп жатқан 99 нысан бар. Бұлар қауіпті аймақта орналасқан және кез келген уақытта проблемалық санатқа өтуі мүмкін.

Кейбір құрылыс салушылар азаматтық-құқықтық қатынастарға сілтеме жасай отырып, жеке тұлғалармен әртүрлі брондау және инвестициялау шарттарын жасайды. Бұл азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасыз етпейді және нысан құрылысын кешіктіру, құрылыстың аяқталмауы, сапасыз құрылыс және үлескерлер үшін шығындар сияқты жағымсыз салдарға әкеп соқтырады.

Жосықсыз құрылыс салушылар «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» заңды айналып өтіп, үлескерлердің қаражатын тартатын және соттарда істерді қарау кезінде үлескерлердің өздерін жеңіп шығатын жағдайлар аз емес. Осыған байланысты тұрғын үй құрылысы қызметінің ашықтығын, мәмілелердің қауіпсіздігін, үлескерлердің ақшасын мақсатты пайдалануды қамтамасыз етуге, әлеуметтік шиеленісті және бюджетке түсетін жүктемені төмендетуге бағытталған шараларды қабылдау қажеттілігі туындады.

## Жаңа заңдағы айрықша нормалар қандай?

– Іргелі нормалардың бірі – салынып жатқан үйлерде тұрғын үй сатып алуға алдын ала шарттар жасасуға тыйым салу. Бұл өте маңызды, өйткені алдын ала келісімшарттар арқылы құрылыс салушылар азаматтардың қаражатын рұқсатсыз іске асыруы мүмкін. Осылайша, заң реттеуді күшейтіп қана қоймай, проблемалық нысандарды аяқтауға бағытталған мемлекеттік саясатқа үйлесімді жұмыс істейді. Бұдан басқа, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерімен күресу және үлескерлердің құқықтарын қорғау үшін үлестік құрылыс кезінде тек қолма-қол ақшасыз төлеу нысанына көшу көзделген.

Заңда аккредиттеуді жалпы құрылыс жұмыстары мен жол құрылысына бөлу көзделген. Бұл автожол саласындағы сапа мен қауіпсіздікке қойылатын ерекшеліктер мен жоғары талаптарды ескеруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ жол жобаларына қатысатын мердігерлердің біліктілігін бақылауды күшейтеді және олардың жұмыстарының салалық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз етеді. Бұл тәсіл оқытылмаған ұйымдардың мамандандырылған жол жобаларына қатысуына жол бермейді.

Заңмен мердігерлер мен жобалаушыларды қоса алғанда, саланың барлық қатысушысы үшін заманауи шешімдердің ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жол-құрылыс материалдары мен технологиялары бойынша бірыңғай ақпараттық жүйе енгізіліп жатыр. Бұл дәлелденген және тиімді технологияларды енгізу арқылы жолдарды салу мен жөндеудің сапасын арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар жүйе ескірген және тиімсіз материалдарды пайдалануды азайта отырып, стандарттау және бақылау құралына айналады.

Ал заңның үшінші блогына келсек, бұл мүгедектігі бар адамдарды инватаксимен тасымалдау бойынша жағдайларды жақсартуға мүмкіндік беретін ынталандыру шараларының пакетімен байланысты. Өңірлерде мүгедектігі бар адамдар көбірек қамтуға мүмкіндік беретін әлеуметтік қызметтер порталы арқылы инватакси қызметтерін көрсету мүмкіндіктерін кеңейтуге жағдай жасалмақ.

Заң тұрғын үйді қолма-қол ақшамен сатып алуға тыйым салмайды, түзетулер тек үлескерлердің ақшасын тартуға байланысты салынып жатқан жылжымайтын мүліктің тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттар бойынша қолма-қол ақшасыз есеп айырысуды көздейді. Бүгінгі таңда құрылыс салушылардың үлестік салымдарды заңсыз тартуы өзекті мәселе болып отыр. «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ (Тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторы) зерттеу нәтижелері бойынша 2024 жылы «сұр» тұрғын үй үлестік құрылысының нарығы 68%-ды құрады. Жылжымайтын мүлікті сатып алу кезінде толығымен қолма-қол ақшасыз есеп айырысуға көшу азаматтардан салымдарды заңсыз тартудың алдын алуға, мәмілелердің ашықтығын арттыруға, салық түсімдерін ұлғайтуға және ақшаны жылыстатуға қарсы күрес құралдарын күшейтуге мүмкіндік береді.

**Аружан МАУЛЕНБАЙ,**
**Заң газеті**

**Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Абайдың 180 жылдығын атап өтудің маңыздылығы туралы алғаш рет Ұлттық құрылтайда мәлімдеді. Содан бері елімізде ұлы ақынның мұраларын түгендеп, шығармаларын насихаттау бағытында ауқымды іс-шаралар қолға алынуда. Ақтөбе облыстық соты да бұл игілікті шарадан шет қалған жоқ. Бұл жайлы өз сұхбатында ҚР Ақтөбе облысы бойынша Сот әкімшілігі департаментінің басшысы Бағлан БЕЙСЕНБАЕВ жан-жақты айтып берген еді.**



**Бағлан БЕЙСЕНБАЕВ,**
*Ақтөбе облысы бойынша Сот әкімшілігі департаментінің басшысы:*

# «АБАЙ МҰРАСЫН ДӘРІПТЕУ ЖАЛҒАСАДЫ»

***– Бағлан Сабыржанұлы, қазаққа ортақ қазынаның бірі – Абай мұралары. «Қарамола ережесін» жазған Абайдың заң саласына да қосқан үлесі қомақты. Ендеше, ақынның еңбегін дәріптеп, өлең-жырларын насихаттау бойынша қандай жұмыстар атқарылып жатыр?***

– Ақтөбе облысының соттары осы мерейтойды өз деңгейінде өткізу жөніндегі ҚР Сот әкімшілігінің тапсырмасынан кейін Абай шығармаларын оқудан челлендж өткізуді бастаған еді. Одан бөлек, Ақтөбе облыстық сотының төрағасы Айдар Смағұловтың ұйтқы болуымен Абайды ұлықтауға бағытталған маңызды шаралардың апталық жоспары құрылды.

***– Апталықтың көтерген жүгі ауқымды болар?***

– Иә, апталықты салтанатты түрде ашып, негізгі шаралардан көпшілікті хабардар еткеннен кейін, алдымен кітап көрмесі ұйымдастырылды. «Абай мұрасы – қазақтың алтын қазынасы» атты кітап көрмесіне ақынның өз шығармалары топтастырылған кітаптар мен Абай жайлы жазылған еңбектер жинақталды.

Көрмеде Абайдың Ақтөбе облысына да жанама қатысы бар екені туралы сөз қозғалды. Тарихқа үңілсек, тобықтылар қалмақ-қырғыз соғысында біраз жыл Ырғыз өзені бойына қоныс аударып жайлағаны, сол кезеңде Абайдың арғы атасы Ырғызбай осы өңірде дүниеге келуі себепті есімі Ырғызбай қойылғандығы айтылып, көрмедегі Абайдың жеті атасы көрсетілген ағаш бейнесіндегі фотосуреттен Абайдың бүкіл тобықты руынан тараған шежіресі қатысушыларды тәнті етті.

Кітап көрмесінен кейін жергілікті соттардан құралған 12 жұп тоғызқұмалақ ойынында бақ сынасты, жүлделі орындарды иелену үшін қатысушылар тартысты сайысқа түсіп, нәтижесінде нағыз үздіктер анықталды. Бұл ойынның таңдалуы тегін емес. Себебі, тоғызқұмалақ Абайдың сүйікті ойыны болған.

***– Судьялар мен сот қызметкерлерінің шешен сөйлеп, тіл байлығын шебер меңгеруі маңызды. Апталық шеңберінде өткен эссе байқауынан қатысушылардың қазақ тілін қаншалықты көркем қолданатыны аңғарылған болар?***

– Сөздің қадірін білген, дауды бір ауыз сөзбен түйіндеудің қадірін түсінген халқымыз ғой. «Абай менің жүрегімде» деп аталатын эссе байқауын өткізуде де біз сол сөзді дұрыс қолдануға, тілдің құдіретін ұғындыруға көңіл бөлген едік. Байқауда облыс аумағындағы барлық соттардан келген 20 қатысушы бақ сынады. Олардың жұмысын әділқазы ретінде арнайы шақырылған Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасы жанындағы тіл орталығы мамандары бағалады. Қазылық құрам қатысушылардың жұмыстарын тақырыпты ашу, тіл байлығы, жазу стилі, грамматика мен орфография тұрғысынан тексере келе, сот қызметкерлерінің байқауға үлкен дайындықпен келгенін және мұндай додалардың жастарды тәрбиелеуде орасан зор маңызға ие екенін айтты.

Осылайша Абай атамызға арнаған эссесін өлеңмен өрген Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы Құралай Қувандикова байқаудың бас жүлдесін қанжығасына байлады.

Сонымен бірге, ұлы ақынның өмірін, шығармашылығын, қоғамды дамытудағы рөлін ел есінде қалдыру үшін соттар арасында тағы бір сайыстың өткенін айта кеткеніміз жөн. Алдымен «Абай – қазақтың бас ақыны» атты сайыстың мықтылары іріктеліп, топ жарған екі команда апталықтың қорытынды жиынында финалдық өнер көрсетуге жолдама алды. Қатысушылар 4 кезеңнен додада бақ сынады. Бірінші кезеңде Абайдың өмірі мен шығармаларынан блиц сұрақтарға жауап берсе, «Абай – дара, Абай – дана» деп аталатын келесі кезеңдерде ақын өлеңдерін мәнерлеп оқып, қара сөздерінен кейстік тапсырмаларды шешті. Абай әндерін немесе оның шығармаларын орындап, концерттік қойылым қойып, сайысқа түсті. Іріктеу сайысында асығы алшысынан түскен «Абай әлемі» және «Хәкім мұрасы» командалары қорытынды жиында өнер көрсетуге жолдама алды.

***– Абай әлемі қанша зерттесек те таусылмайтын, жұмбағы көп, қазынасы мол әлем. Оны абайтанушы ғалымдардың зерттеулерінен де аңғаруға болады.***

– Дұрыс айтасыз, Абайдың таланты таңқаларлық. Содан болар, ақынның мұраларын зерттеп, ғылыми тұрғыдан зерделеушілер көп. Тіл мамандары Абай өлеңдерінің тақырыбын, мазмұнын, жанрын, стилін, тілінің көркемдігін зерттеуіне нысан етсе, заңгерлер Абайдың алғашқы құқықтық ережелердің бірін жазған, билік жасаған, төрелік еткен шеберлігін сараптап келеді. Бүгінгі күні Абай мұраларын ғылыми зерттеу бойынша қандай қадамдар жасалып жатқанын білу мақсатында біз Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің қабырғасында облыстағы абайтанушы ғалымдардың, қоғам қайраткерлерінің, зерттеушілердің, тіл жанашырларының қатысуымен «Абай даналығы – халық мұрасы» атты семинар өткізген едік.









Жиынды кіріспе сөзімен ашқан модератор – облыстық соттың қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Әлібек Ахметов бұл шараның мақсаты Абайды тек әдеби-танымдық қырынан ғана емес, сонымен қатар би әрі дала заңгері ретінде де танып-білу жас ұрпаққа керек дүние екендігін атап өтті. «Абайдың он бес жасынан бастап сот талқылауларына қатыса бастағандығы мәлім. Жиырма жасында от ауызды, орақ тілді шешен және дала әдет-ғұрыптарын жетік білетін ділмар атанған, кейіннен көп жылдар бойы би болып, болыстық қызметте де беделді болған» – деді алқа төрағасы.

Жиында Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Абайтану және ұлттық руханият ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі А.Пангереев «Абай және адами капитал мәселесі», заң ғылымдарының кандидаты А.Смагулова «Абайдың құқық саласындағы реформаторлық көзқарасы», ҚР Қаржылық мониторинг агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаментінің басқарма басшысы Ж.Бисенбин «Әділет пен заңдылық: Абай мұрасы және қазіргі құқықтық тәжірибе», Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасы жанындағы тіл орталығының директоры К.Серғазина «Абай Құнанбайұлы және тіл мәдениеті: қазіргі тіл саясатымен сабақтастық», Ақтөбе облысы прокурорының аға көмекшісі У.Орынбасарұлы «Абай даналығы», Ақтөбе облысының мамандандырылған әкімшілік сотының судьясы А.Абилгазина «Абай ережелері» тақырыбында мазмұнды баяндамалар жасап, Абайдың заң саласындағы еңбегі қызу талқыланды.

Жиын соңында модератор: «Жалпы, өмірдің қай саласында да Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесек, ел ретінде еңсеміз көтеріліп, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз» деген Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың сөзін тілге тиек етіп, «Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық екенін ұмытпауымыз қажет» деп сөзін түйіндеді.

***– Мұндай жиындар ақын мұрасын зерттеудегі бірқатар жаңашылдықтар мен ақтаңдақтарды ашып берген болар?***

– Әрине, университет қабырғасында өткен жиын соттар мен ғалымдар арасындағы байланысты нығайтып қоймай, Абайды зерттеудегі бірқатар басымдықтардан хабардар етті. Зерттеушілердің әр баяндамасы көптеген тың дерекке, маңызды мағлұматқа толы болды. Мысалы судья А.Абилгазина «Абай ережелері» тақырыбында баяндама жасап, Абайдың «Қарамола ережесінің» шығу тарихы туралы тың деректермен бөлісті. Абай өз заманында заң шығарушы ретінде де танымал болды, яғни, 1885 жылы генерал-губернатор Цеклинскийдің басқаруымен Семей губерниясына қарасты бес уездің жүзден астам би-болыстары бас қосқан төтенше съезі өткен. Осы жиында Абай жалпы қазақ даласын орыс заңдарымен ғана басқаруға болмайтынын, бұл елдің өзіндік ерекшеліктері, атадан балаға ғасырлар бойы мирас болып келе жатқан әдет-ғұрпы, заңдары бар екенін, көп мәселелерді қазақ ішінде осы заңдар негізінде шешуге болатындығын алға тартып, Шар өзенінің бойында үш күннің ішінде жанына бірнеше адамды ғана алып, 100-ден артық баптан тұратын заңды жазып шығады. Осы арқылы Абай қазақтың бұрынғы заңдарын жетік білетіндігін, сонымен қоса орыс заңдарын да терең меңгергендігін көрсетіп, осылардың барлығын үйлестіре отырып, өзі өмір сүріп жатқан дәуірдегі қазақ қоғамына қажетті заң жобасын жасақтайды. Аталған заң ережелері съезде билер талқысынан өтіп, бірауыздан қабылданады. Ал Абай осы съезде төбе би болып сайланады.

Осылайша Қазақ даласында тұңғыш жарық көрген 73 баптан тұратын «Ереже» деп аталатын заң нұсқасы Семей облысының Шар бойында, Қарамола дейтін жерінде қабылданған, сондықтан кей деректерде «Шар» ережесі, кейбір мәліметтерде «Қарамола заңы» деп аталып, кейін келе «Билер ережесі» болып аталған.

Бір қызығы, белгілі этнограф Зейнолла Сәніктің еңбектерінде аталмыш құжаттың 73 емес, 74 баптан тұратыны да айтылады. Қазан қаласында араб қәрпінде басылып шыққан қазақ тіліндегі тұңғыш праволық құжат 1992 жылы қазіргі қазақ әрпі мен әдеби тіліне икемдей көшіріліп, Абай журналының №3 санында тұңғыш рет жарияланған болатын. Ресми жарияланған нұсқада 73 бап көрсетілген. Сондықтан, семинарға қатысушылар Абайдың бұл заң ережелері туралы әлі де болса зерттеуді қажет ететіні жөнінде пікір білдірді.

Бұдан 140 жыл бұрын, яғни бір жарым ғасырға жуық уақыт бұрын қабылданған «Қарамола ережесінің» кейбір нормалары бүгінгі күні де өзінің өзектілігін жоғалтпаған. Себебі осы Қарамола ережесінің 73-бабы қазіргі АІЖК-нің негізіне алынғандығын ғалымдардың зерттеулері дәлелдеп отыр. Бұл Абайдың данышпандығы мен көрегендігінің, ойшылдығының тағы да бір дәлелі.

***– Апталықтың көпшілікке берер тағылымы мол болғанын байқап отырмыз.***

– Расында, осы ауқымды шаралардың ақынның атын ұрпақ санасында жаңғыртуға айтарлықтай сеп болғаны анық.

Қорытынды жиында «Абай – қазақтың бас ақыны» атты сайыстың іріктеу кезеңінде жеңіске жеткен «Абай әлемі» (Ақтөбе қалалық соты мен Ақтөбе облыстық сотынан құралған) және «Хәкім мұрасы» (Ювеналдық сот, әкімшілік құқық бұзушылық істер жөніндегі сот пен тергеу сотының құрамасы) командаларының қорытынды сайысы өткізіліп, олардың өнерлерін арнайы шақыртылған әділқазылар құрамы бағалады. Көпшілік дауыспен жеңімпаз атанған «Абай әлемі» құрама командасының қатысушыларына сыйлықтар табысталып, облыстық сот төрағасының Алғыс хатымен марапатталды.

Сонымен қатар, апталықтың осы қорытынды жиынында іс-шараларға белсене қатысып, түрлі байқаулардан жеңімпаз атанған Анар Шекенова, Құралай Қувандикова, Бақытгүл Бекенова, Мирас Альмухамбетов, Ақмарал Нурудин сияқты әріптестерімізге облыстық сот төрағасының Алғыс хаты мен естелік сыйлықтар табыс етілді.

Тоғызқұмалақ ойынында жүлдегер атанған Ақтөбе қаласының №2 соты әкімшісінің басшысы Қаламқас Есенғазы, Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы Әлішер Мамай, Қобда аудандық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы Азамат Карасаевтар да арнайы марапатқа ие болды. Бұған қоса, Абайдың 180 жылдығына орай бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған ең үздік мақала номинациясына департаменттің персоналды басқару бөлімінің бас маманы Әсем Берікбайқызы мен Ақтөбе қаласының мамандандырылған тергеу сотының ұжымы лайық деп танылды.

Шараны ұйымшылдықпен атқарған ұжымымызда таланттардың көптігіне осы жолы анық көзіміз жетті. Әсіресе, облыстық соттың мамандары Азамат Сәрсенбергенов пен Жандаулет Дәуірбектің Абай рухына арнаған өлеңдері баршамызды тәнті етті. Облыстық соттың мемлекеттік тілді дамыту бойынша бас маманы Гүлзия Мақсатқызының әр шараны көркем тілмен кестелеп көпшілікке жеткізуі де тіл табиғатын түсінетінін ғана емес, әріптестерге деген құрметін көрсетсе керек.

Апталық соңында қатысушылар Абай ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, ұлы ақынға тағзым жасады. Алайда, Абайды тану бұл апталықпен шектелмейді. Ұлы ақынның мұрасын түгендеу, шығармаларын оқу челленджі әлі де жалғасады.

***– Мазмұнды сұхбатыңызға рақмет! Жақсы істеріңіз жалғасын таба берсін!***

**Түймегүл ИБАШЕВА,**
**«Заң газеті»**

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

# ЕСІРТКІГЕ ҚҰМАР ЖАСТЫҢ ЕРТЕҢІ КҮМӘНДІ

**Әлем елдерін алаңдатқан нашақорлық дерті тұтас қоғам үшін аса қатерлі болып тұр. Замана індетіне айналған бұл кеселдің, әсіресе жастардың өмірін талқандап, өз қолымен тағдырын құзға құлатып жатқаны аса өкінішті. Дегенмен, ел ішінде есірткі бизнесі және нашақорлықпен күрес шаралары еш толастаған емес. Өмірге жаңа қадам басқан жастардың санасы уланбас үшін есірткі заттарының заңсыз айналымына тосқауыл қою және нашақорлықтың алдын алу бағытында іргелі шаралар жиі ұйымдастырылады. Ақмола облысында да құқық қорғау органдарымен қатар, басқа да ведомстволар мен ұйымдарда халықаралық нашақорлыққа және есірткі айналымының заңсыздығына қарсы күрес күніне орай есірткіге қарсы бағыттағы және салауатты өмір салтын насихаттауға арналған айлық ресми түрде бастау алған еді. Облыс аумағындағы іргелі шаралардың жүзеге асырылуына мұрындық болып, басы-қасында жүрген Ақмола облысы психикалық денсаулық орталығының бас дәрігері Александр Высоцкиймен аймақтағы нашақорлықтың жалпы қандай жағдайда екеніне толығырақ тоқталып, алдын алу жұмыстарының бағыттары жайлы сұхбаттасқан едік.**



**– Елімізде нашақорлық пен есірткі бизнесі қарқын алғаны рас. 26 маусым халықаралық нашақорлыққа қарсы күрес күні ретінде аталып өтіледі. Бұл күннің маңыздылығы туралы азкем тоқталып кетсеңіз.**

– Бұл күн – тұтас әлем бойынша нашақорлық пен есірткі айналымының заңсыздығына қарсы күрес күні ретінде аталып өтіледі. Яғни, бүгінде күллі адамзат баласының ащы қасіретіне айналған нашақорлық пен есірткі бизнесіне қоғамның барлық өкілін бейжай қарамауға үндейтін, қауіпті құбылысқа қарсы тұру қажеттігін еске салатын аса маңызды дата. Өкінішке қарай, бұл дерт шекара мен ұлт таңдамастан, бүкіл адамзатқа ортақ қауіпке айналып отыр. Сондықтан онымен күрес те үнемі тоқтаусыз жүргізілуі қажет. Бұл орайда тиісті шаралар арнайы жоспарға сәйкес жалпы өңірдің құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдардың, оқу орындарының және қоғам белсенділерінің қатысуымен жүйелі түрде ұйымдастырылып келеді.

**– Ақмола облысында бұл күн аясында қандай жұмыстар қолға алынды?**

– Біз жыл сайын осы күнге орай бір ай бойы есірткіге және нашақорлыққа қарсы бағыттағы салауатты өмір салтын насихаттауға арналған іс-шаралар легін өткіземіз. Биыл да бұл игі дәстүр жалғасын тапты. Айлық аясында сан түрлі интерактивті лекциялар, спорттық сайыстар, флешмобтар, ашық есік күндері, скринингтік тексерулер мен ақпараттық науқандар ұйымдастырылуда. Мұндағы мақсатымыз – қоғамды, әсіресе жастарды, салауатты өмір салтына шақыру болып отыр. Тек салауатты өмір салтын ұстанған, есірткіден ада, ой-санасы есірткінің ықпалына түспеген жастар ғана қоғамның дұрыс бағытта дамуына өз үлесін қоса алады. Жастардың ойнақтап жүріп от басып, нашақорлықтың арандай апанына ілініп кетпесі үшін қолдан келген барлық мүмкіндіктерді жасап жатырмыз.

**– Облыстағы нашақорлық ахуалы қалай? Статистика не дейді?**

– Өткен жылдың соңындағы жағдай бойынша, облыста диспансерлік есепте тұрған нашақорлардың жалпы саны 413 адамға жетіп жығылды. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 2,4 пайызға дейін төмендегенін көрсетіп отыр. Дегенмен, алғаш рет есепке алынғандар саны 56 адамға жетіп, бұрнағы жылдармен салыстырғанда 34 пайызға дейін өсіп кеткені байқалды. Бұл өсімнің бір себебі — тағдыр жолының бұралаң қалтарысында жаза басып қылмысты деп танылып, арнайы түзеу мекемелеріндегі азаматтарды медициналық қамтамасыз ету функциясының денсаулық сақтау министрлігіне берілуі деп айтар едім. Сонымен қатар синтетикалық есірткіге тәуелді болып жатқан жасөспірімдердің шамадан тыс көбейіп кеткені де аса қатты алаңдатады. Өйткені, есірткі заттары қазіргі уақытта тым қолжетімді болып бара жатқанын атап өткен жөн. Жасөспірім балаларға дейін есірткі заттарын тұтынып жатқаны осының нақты айғағы.

**– Қазіргі кезде қандай есірткі түрлері көбірек таралып жатыр? Оның себебі неде деп ойлайсыз?**

– Соңғы жылдары «тұз», «спайс» секілді синтетикалық психобелсенді заттар кеңінен тарала бастады. 2018 жылға дейін облыста мұндай заттарды тұтыну фактілері мүлде тіркелмеген де еді. Алайда, бүгінде бұл – басты қауіптің біріне айналып отыр. Құқық қорғау органдары мен полиция қызметкерлері де мұны растап, синтетикалық есірткімен күреске баса назар аударып келеді. Мұндай заттар бағасының қолжетімділігі мен оңай таралуы салдарынан жастар арасында кең етек алғанын жасыра алмаймын.

**– Өңірде жастар мен жасөспірімдер арасында нашақорлықтың таралу ахуалы жайын сипаттап берсеңіз.**

– 2023 жылы жасөспірімдер арасында өңірде нашақорлық дерегі мүлде тіркелмеген еді. Алайда, биыл, өкінішке қарай, екі бірдей жағдай орын алды. Екеуі де Көкшетау қаласында тіркеліп, оған жасөспірім қыз балалардың қатысқаны белгілі болды. Бұл – өте алаңдатарлық жағдай. Сол себепті біз білім беру ұйымдарымен тығыз жұмыс істеп, алдын алу шараларын күшейтіп жатырмыз. Бесіктен белі шықпаған жастардың нашақорлық дертіне шалдығуы аса қауіпті әрі дабыл қағатын жағдай. Мәселен 2024 жылы облыс көлемінде 23 мыңнан астам адам профилактикалық тексеруден өтіп, 363 адамда токсикомания немесе есірткілік улану белгілері анықталған. Тексерілгендердің 8%-ы есірткі немесе психотропты заттарды қолданғаны дәлелденді. Сондықтан қоғамның барлық саналы өкілін осынау жауапты кезеңде бейжай қарамай өз жақындары ғана емес, көзімен көрген жандарды құтқарудың маңыздылығын естен шығармаса екен деймін.

**– Нашақорлықтың алдын алу жұмыстары қалай жүргізіледі?**

– Біз жыл бойы мектептер мен колледж оқушыларының, сондай-ақ жоғары оқу орындары студенттерінің ата-аналарымен кездесулер, түсіндіру жұмыстарын, ерте анықтау шараларын ұйымдастырамыз. Сонымен қатар мектептер мен колледждерде лекциялар, тренингтер мен семинарлар өткізіледі. Жастар арасында спорттық және мәдени шаралар арқылы да салауатты өмір салтын кеңінен насихаттап келеміз. Орталық есірткіге тәуелділікке тап болған адамдарды емдеу, оңалту және бейәлеуметтендіру жұмыстарын белсенді түрде жүргізіп жатыр. Профилактикалық емдеу шараларымен 4 мыңнан астам адам қамтылған. Әсіресе, білім беру жүйесі мен ата-аналарды алдын алу шараларына тарту, тәуелділікті ерте бастан анықтаудың принциптеріне оқыту жұмыстарына ерекше назар аударылады.

**– Есірткіге қарсы бағыттағы айлық аясында нақты қандай шаралар өткізіледі?**

– Биылғы айлық шеңберінде облыс аумағындағы мектептер мен колледждерде интерактивті дәрістер, тренингтер, жастар арасында спорттық жарыстар, флешмобтар ұйымдастырылып жатыр. Сондай-ақ медициналық ұйымдарда ашық есік күндерін өткізу жылдағы дәстүрге енді. Жастарға, жалпы барлық өңір тұрғындарына скринингтік тексерулер, кеңес беру жұмыстары тұрақты түрде жүзеге асырылады. Ал, қоғам үшін аса үлкен ықпалы бар БАҚ пен әлеуметтік желілер арқылы ақпараттық науқан да ұйымдастырылып келеді.

**– Сіздің есірткіге қарсы күрес бағытындағы басты үндеуіңіз қандай болар еді?**

– Есірткіге қарсы күрес – бір күндік шара емес. Бұл – үздіксіз, жүйелі түрде жүргізілуі тиіс мемлекеттік маңызы бар жұмыс. Бүгінгі атқарылған әр іс пен әр сөз – ертеңгі қауіпсіз қоғамның негізі болмақ. Жастарға үлгі болып олардың дұрыс таңдау жасауына жол бағыттау біздің баршамыз үшін аса жауапты міндет әрі парыз дер едім. Есірткісіз болашақ – әрқайсысымыздың ортақ мақсатымыз.

**– Сұхбатыңызға рақмет!**

– Сіздерге де алғыс білдіремін. Нашақорлықпен күресте қоғамның қолдауы – біз үшін аса маңызды.

**Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ**
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

ҚЫЗМЕТ

**Батыс Қазақстан облысында Қазақстан полициясы күніне орай облыстық полиция департаментінің музейі жаңа сипатта ашылды.**



# ПОЛИЦЕЙЛЕРГЕ 33 ҚЫЗМЕТТІК КӨЛІК ТАБЫСТАЛДЫ

Салтанатты шараға облыс әкімінің орынбасары Қайыржан Меңдіғалиев, департамент басшылығы, құқық қорғау құрылымдарының басшылары, жеке құрам, сала ардагерлері қатысты.

Облыстық Полиция департаментінің бастығы Арман Оразалиев «Жаңартылған музей – тәртіп сақшыларының бай тарихын ұрпаққа жеткізетін, қызмет жолындағы естеліктер мен ерліктерді дәріптейтін маңызды рухани-мәдени және тарихи-өлкетану нысан» екендігін атап өтті.

Музей 2006 жылы бұрыш ретінде ашылып, 2016 жылы дербес бөлме бөлінген. Жаңадан ашылған музейге жалпы ауданы 252,1 шаршы метр болатын бірнеше бөлме берілген. Бұл жерде «Тарих – өмір жетекшісі – жұмысшы-шаруа милициясының құрылу кезеңі», «Ер еңбегін ел ұмытпайды» деген атпен алғашқы ішкі істер халық комиссары А.Абдрахмановтың қызметі туралы бұрыш, «Жер шежіресі – ел шежіресі – кеңес дәуіріндегі милицияның даму кезеңдері» тағы басқа тақырыптарға арналған 11 бөлім бар. Әр экспозицияда Қазақстан полициясының қалыптасу және даму кезеңдері, әр жылдардағы қызметтік киім үлгілері, сирек кездесетін құжаттар, тарихи фотосуреттер мен марапаттар кеңінен ұсынылған. Музейде жалпы үш мыңға жуық жәдігер бар. Департамент басшылығы музейдің жасақталуына белсенді атсалысқан ардагерлер кеңесіне ерекше ризашылығын білдірді.

«Музей – ішкі істер құрылымдары тарихын жаңғыртып, жас қызметкерлер үшін рухани сабақтастықтың мектебі болмақ. Жастарымыз елге адал қызмет етудің маңызын осындай тарихи естеліктер арқылы ұғынады», – дейді облыстық полиция департаментінің бастығы Арман Оразалиев.

Өскелең ұрпаққа тағылым беретін маңызды алаңның ашылуы салтанатты жиынға ұласып, ел тыныштығы мен халық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге зор үлесін қосып жүрген бірқатар тәртіп сақшылары түрлі марапаттарға ие болды.

Қазіргі уақытта тәртіп сақшыларының жұмысы бұрынғыдан да күрделене түсті. Қоғамда орын алып жатқан түрлі құқық бұзушылықтар мен қылмыстық әрекеттерге қарсы күресу үшін олар заманауи техника мен әдіс-тәсілдерді пайдаланады. Сонымен қатар, халықпен тығыз байланыс орнатып, профилактикалық жұмыстар жүргізу арқылы қылмыстың алдын алу шараларына ерекше мән береді. Осы мақсатта кәсіби мерекеге орай облыстық полиция департаментіне 33 қызметтік көлік табысталды.

**Айгерім ҒАЛЫМ**
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ




АСЫЛ МҰРА

# ҰЛЫ ДАЛА ҮНІ

**1 шілде күні Талдықорған қаласының орталық алаңында Ұлттық домбыра күніне арналған «Ұлы дала үні» атты кең ауқымды облыстық мерекелік флешмоб өтті.**

Аталған шара – халқымыздың төл өнерін дәріптейтін, мәдени сабақтастықты насихаттайтын маңызды мәдени оқиға болды. Бұл тарихи шараға 5000 адам – кәсіби музыканттар, мектеп оқушылары, студенттер, өнер сүйер қауым қатысты.

Аталған жетістік Қазақстан рекордтар кітабының бас редакторы Қайрат Тазабековтың қатысуымен ресми түрде тіркеліп, жаңа рекордты растайтын сертификат Жетісу облысының әкімдігіне табысталды. Бұл – тек Жетісу өңірінің ғана емес, күллі Қазақстанның мәдени өміріндегі елеулі оқиға ретінде бағаланды.

Флешмобқа облыстың барлық аудандары, облыстық басқармалар мен ұйымдардан келген қатысушылар белсене қатысып, ұлттық өнерге деген шынайы құрметтерін білдірді.

Шара аясында қазақтың жыршылық-термешілік дәстүрінің көрнекті өкілі Бақтыбай Жолбарысұлының 190 жылдық мерейтойына орай «Бақтыбайдың әуені» және танымал күйші-композитор Әбдімомын Желдібайдың «Ерке сылқым» күйлері орындалды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл шара тек мереке емес, ұрпақтар арасындағы мәдени сабақтастықты нығайтып, жастардың ұлттық өнерге деген құрметін арттыруға бағытталған. Осындай мазмұнды бастамалар арқылы күй өнері мен домбыра дәстүрі кеңінен насихатталып, «Ұлы дала үні» флешмобы ұлттық құндылықтарды ұлықтаған айтулы оқиға ретінде ел есінде қалды.

**Е.ЕРЖАНҰЛЫ**
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

## ПАЙЫМ

# КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ – КОНСТИТУЦИЯ ТАЛАПТАРЫН САҚТАУДЫҢ КЕПІЛІ

«Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» Конституциялық заңы 2022 жылғы 5 қарашада қабылданған. Осы заңның 1-бабына сәйкес, Конституциялық Сот Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында ел Конституциясының үстемдігін қамтамасыз етеді.

Бұл сотқа Конституцияны қорғау және оның мәребесін қамтамасыз ету міндеті жүктелген. Әрі Конституциялық сот заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер Конституцияға сай емес деп тапса, республика аумағында олардың күші жойылады. Мысалы, Конституцияның 72-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Конституциялық Сот дау туған жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауын; Парламент депутаттарының сайлауын; республикалық референдумды өткізудің дұрыстығы туралы мәселені шешеді. Сондай-ақ Конституцияның 72-бабы 1-тармағының 2), 2-1) және 3) тармақшаларына сәйкес Конституциялық Сот ел Президенті қол қойғанға дейін Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған заңдардың; Парламент пен оның Палаталары қабылдаған қаулылардың; ратификациялағанға дейін халықаралық шарттардың ел Конституциясына сәйкестігін қарайды.

Сонымен бірге Конституциялық Сот ел Конституциясының 53-бабы 6) тармақшасына сәйкес конституциялық іс жүргізу практикасын жинақтап қорыту нәтижелері бойынша жыл сайын Парламентке Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы жолдау жібереді. Бұған қоса, Президент жолданымдарын, Конституцияның 78-бабында көзделген жағдайларда соттардың, Бас Прокурордың, Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің жолданымдарын қарайды. Азаматтардың жолданымдары бойынша Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген олардың құқықтары мен бостандықтарын тікелей қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің Конституцияға сәйкестігін қарау да Конституциялық Сот құзырында.

Конституциялық Сот тек құқық мәселелерін шешеді және жүгінуге себеп болған нақты мән-жайларға баға бермейді. Конституциялық Соттың нормативтік қаулылары мен қорытындылары қабылданған күнінен бастап күшіне енеді, бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті, түпкілікті болып табылады және шағым жасалуға жатпайды. Өзге шешімдердің күшіне ену тәртібін Конституциялық Сот айқындайды.

Қорыта айтқанда, Конституциялық сот – Конституция талаптарының сақталуына кепіл болып табылады.

**С.БЕРДІБЕКОВ,**
**Қарақия аудандық сотының төрағасы**
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

## ЖЕГІҚҰРТ

# ПАРАҚОРЛЫҚ ДАМУҒА КЕДЕРГІ

Зайырлы,құқықтық мемлекет ретінде қалыптасу жолындағы ең басты қауіп-қатердің бірі сыбайлас жемқорлық екені белгілі. Сондықтан кеселді болдырмау, алдын алу мақсатында елімізде көптеген іс-шаралар жоспарланып, жүзеге асырылуда. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқығы мен заңды мүддесінің бұзылуына түрткі болады.

Сыбайлас жемқорлықтың ерекшелігі – оның көпшілікке жария етілмеуінде. Өйткені, ол екіжақты «құпия мәміле» ретінде іске асырылғандықтан, оның ашылуына екі тарап та мүдделі болмайды. Көбінесе азаматтар заң талаптарын білмегендіктен сыбайлас жемқорлыққа жол береді. Заңды білмеу жауапкершіліктен босатпайтындығын көпшілік ескере бермейді.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы, құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі.

**С.ЕСКАРАЕВ,**
**Түркістан облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының бас маманы**

## ТАРАТУ

3. «Extravaganza» ЖШС (БСН 161140000077) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Жамбыл көшесі, 66-үй, 18-пәтер, тел. 87012218929.

6. «Eurofinca KZ» (Еврофинса КЗ) ЖШС (БСН 130140002104, 010000, Астана қаласы, Нұра ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 19-үй, 7-қабат) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17, тел. 87025555772.

7. «Ариадна-Джайнт» ЖШС (БСН 220140001797) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау облысы, Атырау қаласы, Каспий шағын ауданы, 78-үй.

8. «BLACK GOLD COMPANY.Ltd» ЖШС, ҚР, 020400, Ақмола облысы, Атбасар ауданы, Атбасар қаласы, №1 шағын ауданы, 1-орам, 10-үй, 16-пәтер, мекенжайы бойынша «BLACK GOLD COMPANY. Ltd» ЖШС филиалының (БСН 231241009025) таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Щучинск қаласы, Ботаническая көшесі, 51А мекенжайы бойынша қабылданады. Тел. +7 775 333 71 53.

9. «Центр правовой информации «Закон» ЖШС (БСН 060440004037, Алматы қаласы, Маулен көшесі, 85-үй, 66-кеңсе) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Құрамыс шағын ауданы, Үржар көшесі, 15Г учаскесі, тел. 87017132045.

10. «Ақсуат әуежайы» ЖШС (БСН 210940031607) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Абай облысы, Ақсуат ауданы, Ақсуат ауылы, Ы.Кабеков көшесі, 19-үй, тел. 87719688388.

11. «Finance Investment Company» ЖШС (БСН 180340018901) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Абай облысы, Ақсуат ауданы, Ақсуат ауылы, Ы.Кабеков көшесі, 16-ғимарат. Тел. +7 771 968 83 88.

16. «Kahar company» ЖШС (БСН 250140014737) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Кентау қаласы, Қарнақ ауылы, Маклик телімі, 66-үй, пошта индексі 160403.

17. Ақмола облысы әкімдігінің 24. 06. 2025 жылғы № А-6/325 қаулысына сәйкес «Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімі Кемеркөл ауылының бастауыш мектебі» (БСН 011040002862) таратылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде ҚР, 020100, Ақмола облысы, Ақкөл ауданы, Ақкөл қаласы, Бигелдинов көшесі, 10, «Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі мекенжайы бойынша қабылданады, байланыс телефондары: 8 (71638) 55233, 8 (71638) 55254, 87779579151.

18. «Skylotus Sino-Tibetan Medical Development Ltd.» ЖШС (БСН 230940015443) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Ақсай-5 ықшам ауданы, 25-үй, тел. 87073231077.

19. «Advance&Satu» ЖШС (БСН 240640015533) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Мамыр-1 ықшам ауданы, 29, 151-пәтер, тел. +77019252010.

20. «Фортис» ЖШС (БСН 070640005123) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде қабылданады: ҚР, Қостанай облысы, Рудный қаласы, Промзона шағын ауданы, 1940 құрылыс, пошта индексі 111500, тел. +7747-512-91-08.

## ӘРТҮРЛІ

4. Астана қаласы, А.Кравцов көшесі, 6, мекенжайында орналасқан «Кредит Сервис Ломбард» ЖШС күн сайын жұмыс күндері (дүйсенбі – жұма) сағат 10:00-де сатып алынбаған кепіл мүлкінің сауда-саттығы өткізілетінін хабарлайды. Анықтамаға арналған телефоны: +7 702 321 86 86.

Лиц. 01.21.0009Л.

12. «Қазсушар» РМК Солтүстік Қазақстан филиалы 2025 жылдың 1 жарты жылдығының қорытындысы бойынша тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында кәсіпорынның «Сергеевка, Петропавл су тораптарының су қоймалары бар тірек гидротехникалық құрылыстарының көмегімен жер үсті ағынын реттеу» реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі қызметі туралы тыңдау өткізілетінін хабарлайды.

Тыңдау 2025 жылғы 25 шілдеде сағат 11:00-де Петропавл қаласы, К. Сутюшев көшесі, 58, мекенжайы бойынша «ZOOM» бейнеконференц байланыс жүйесінің көмегімен онлайн өтеді. Бейнеконференция идентификаторы: 514 485 10 70. Кіру коды: 1 2 3 4 5. Осы тыңдауға қатысуға ниет білдірушілерден 8-7152-46-33-94 телефоны бойынша хабарласуларыңызды сұраймыз.

13. «ТрансОйл» СК» АҚ акционерлерінің назарына!

2025 жылғы 27 маусымда болған акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс берудің қорытындылары туралы хабарлаймыз. Акционерлердің жалпы жиналысына дауыс беру құқығы бар 1 778 636 акцияға иелік етуші акционерлер қатысты, бұл «ТрансОйл» СК» АҚ-ың дауыс беруші акцияларының жалпы санының 99,36 % құрайды.

Дауыс беру қорытындысы

| Күн тәртібі | | Жақтап | Қарсы | Қалыс қалған |
|---|---|---|---|---|
| № | Мәселелері | | | |
| 1 | ТрансОйл» СК» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту | 1 778 636 | жоқ | жоқ |
| 2 | ТрансОйл» СК» АҚ 2024 жылғы жылдық қаржы есептілігін бекіту | 1 778 636 | жоқ | жоқ |
| 3 | ТрансОйл» СК» АҚ 2024 жылғы таза табысты бөлу тәртібін бекіту және жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу (төлемеу) туралы шешім қабылдау | 1 778 636 | жоқ | жоқ |
| 4 | Трансойл сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының «Корпоративтік басқару кодексін» бекіту | 1 778 636 | жоқ | жоқ |
| 5 | Трансойл сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының «Директорлар кеңесі туралы ережені» бекіту | 1 778 636 | жоқ | жоқ |
| 6 | Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы мен шығыстарды өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау | 1 778 636 | жоқ | жоқ |
| 7 | «ТрансОйл» СК» АҚ 2025 жылғы аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу | 1 778 636 | жоқ | жоқ |
| 8 | Акционерлердің «ТрансОйл» СК» АҚ және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне өтініштері және оларды қараудың қорытындылары туралы | 1 778 636 | жоқ | жоқ |
| 9 | Акционерлерді «ТрансОйл» « СК» АҚ 2025 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша тәуекелдерін бағалау жүйесі коэффициенттерінің талдауы жайлы хабардар ету | 1 778 636 | жоқ | жоқ |
| 10 | Акционерлерді ТрансОйл» СК» АҚ директорлар Кеңесінің және Басқармасының мүшелеріне сыйақы беру мөлшері мен құрамы туралы хабардар ету | 1 778 636 | жоқ | жоқ |

**Председатель Правления** **Марюхина О.С.**

14. «Каспиан Индастриал Солюшнс» ЖШС (БСН 170740004239) жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау қаласы, Сәтпаев көшесі, 48Г, 5-пәтер.

15. «КМТСС» ЖШС (БСН 200640033178) «КМТСС 1» ЖШС-нен бөліну арқылы өзінің қайта құрылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Сарайшық көшесі, 7-үй, 100-пәтер.

## МҰРАГЕРЛІК

2. 2000 жылдың 20 қаңтарында қайтыс болған Каюпов Құрманбайдың артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат, тел. 87022334499.

5. 10.06.2025 ж. Назарова Каламкас Сайфуллинаның қайтыс болуына байланысты барлық мұрагерлерінің нотариус А.С.Жанакулованың кеңсесіне мұраға құқық туралы куәлік алуға келуін сұраймын. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі, 36-үй, 35-пәтер, тел. 87052700001.


**Баспасөз – 2025**

# Құрметті оқырман!

**«Заң газеті»** және **«Юридическая газета»** газеттеріне және **«Заң»** журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға **«Қазпошта» АҚ** бөлімшелері, **«Қазпресс» ЖШС** дүңгіршектері және Алматы қаласындағы **«Дауыс»** жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

**«Заң газеті»**

*жеке тұлғалар үшін – 65921,*
*заңды тұлғалар үшін – 15921*

zanreklama@mail.ru


Қарағанды облыстық сотының судьялар ұжымы мен Қазақстан Республикасының Судьялар одағының Қарағанды облыстық филиалы Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданың №2 сотының судьясы Закира Жолдыбайқызы Алекпаеваға ағасы

**Қалел Жолдыбайұлының**

дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қарағанды облыстық сотының судьялар ұжымы мен Қазақстан Республикасының Судьялар одағының Қарағанды облыстық филиалы Ұлытау облыстық сотының судьясы Искакбаев Кенжебай Дәрібайұлына апасы

**Күмісжан Дәрібайқызының**

дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.


## ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

## ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

**ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.**

**«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС,** Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

**«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com**

**ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.**

**ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.**

**«Грация» ЖШС,** Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

**«ЮрСлужба» ЖШС,** Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

**«Версия-Пресс» ЖШС,** Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

**Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК,** Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91,8 (701) 315-54-59.

**ЖК «Бакирова Г.»,**
Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

**Михеева Ольга Станиславовна ЖК,** Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

**«Озат-1» ЖШС,** Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

**ЖК «SAPA KZ»** Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

**«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС** Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

**«Реклама» ЖШС,** Орал қ.,Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

**«Компания Жете» ЖШС,** Талдықорған қ., ш/а,Молодежный 3-үй,1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

**ЖК Гавриленко И.И.,** Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

**«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.**Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

**ЖК Тажибаева,** Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

**ЖК Новоселова Лилия,** Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

**ЖК «Reklam Servise»,** Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

**ЖК «Выдай»,** Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

## БАЙҚАУҒА!



# Хакердің қолтаңбасы

***(Соңы. Басы өткен санда)***

Тышқан орны қалыпты күйден ауытқып тұрды – оны бұру немесе жылжыту мүмкін емес еді, себебі дәл сол күйінде қалуы тиіс. Бұл – бөлмеге кейінірек біреудің кіріп, компьютерге қол тигізгенінің кішкентай, бірақ маңызды белгісі еді.

Қайсенов бұл ұсақ өзгерісті байқап, ішкі интуициясына сүйенді. «Кімде-кім бұл бөлмеге хакерден кейін кірсе, ол осы істің сырына тереңірек араласып жатыр», – деп ойлап, қала әкімдігінің серверлерін қайта тексеруге шешім қабылдады. «Мүмкін, басқа біреу флешкадағы ақпаратқа немесе жүйеге араласқан болар». Мұның өзі тергеудің жаңа бағытын ашып, басты қылмыскерге жетуге жол салатын маңызды бөлшек еді.

Қайсенов ұсақ белгілердің маңыздылығын жақсы түсінеді. Бір қарағанда елеусіз көрінетін осындай өзгерістердің өзі үлкен қылмыстың және күрделі құпиялардың бетін ашатын кілт болуы мүмкін екенін біледі. Тергеуші үшін кез келген кішігірім іздің, белгі мен әрекеттің мән-мағынасы ерекше.

Түн. Қаланың шетіндегі ескі қойма маңында үнсіздік орнаған. Тергеуші Абылай Қайсенов көзін қараңғыға үйретіп, қойманың сыртында тасаланып тұрды. Жүрегі сабырлы, қозғалысы жаттыққан спортшыдай сергек. Кенет, қақпа сықыр етіп ашылды. Көлеңке секілді бір адам ішке қарай жылжыды. Сол сәтте Қайсенов серіппедей атыла жөнелді. Жас күнінде татами төрінде төселген шеберлігімен қарсы алдынан шыққан күдіктіні жерге құлатты.

– Тыныш! Полиция! – деді ол батыл қимылдап.

Күдікті қарсылық танытпақ болды, бірақ Қайсенов шалт қимылмен тізе тұсынан басып, қолын қайырды. Данияр жүгіріп келіп, кісен салды.

– Әлі де күрес техникасы жұмыс істейді екен, – деді Қайсенов жымия.

Хакердің иығынан сусып кеткен сөмкеден ноутбук, код жазылған бірнеше флешка табылды. Бұл деректер – тергеудің соңғы кілті болатын.

Терезеге тамған жаңбыр тамшылары қала шамдарының жарқыраған жарығында сырғып, көше көліктері мен ғимараттардың көрінісін бұлыңғырлата түсетін. Абылай Қайсеновтің жүрегі дәл осындай – үміт пен мұң араласқан күйде болды. Ол ішкі дауысына құлақ салып, әр шешімнің ауыр салмағын терең сезінді. Заң мен әділеттілік үшін күресте адамдық қасиетті жоғалтуға болмайтынын түсінген сәт еді.

Тергеу бөлмесінде тыныштық орнаған. Абылай әлсіз жарық астында үстел басында отырды. Қолындағы флешка – жай ғана дәлел емес, шешім күтетін жұмбақтың жауабы іспетті еді. Жаһангер Сайран – қараңғы интернеттің түкпірінен шыққан ерекше тұлға. Бұл – қарапайым қылмыс емес, қоғамға бағытталған үнсіз айыптау. Тергеуші оның неге заңға қарсы тұрғанын түсінуге тырысты: бұл әдеттегі заң бұзу ма, әлде ішкі әділеттілікке деген қарсылық па? Жаһангердің әрекеті – наразылықтың, үнсіз күрестің көрінісі болатын.

Кісендегі Ернұр Сәтбай көзін төмен салғанымен, оның ішкі арпалысы аңғарылды. Қайсенов күдіктінің қарашығын мұқият бақылап, байыппен:

– Ернұр, біз сенен долбар сөзді емес, шындықты талап етеміз, – деді.

Абылай флешканы үстелге қойып, бірден іске кірісті:

– Бұл кодтар – сенің қолтаңбаң. Вертуалды жеке желі, прокси ауыстыру, MAC-адресті спуфинг... бәрі сенің кәсіби тәсілің. Бірақ бір қателік бар. Лог-файлда қолданылған «ZX– 7» модулі – тек сен пайдаланатын ерекше шифрлеу әдісі.

Ернұр үнсіз қалды.

– Сен Жаһангер Сайранның серігісің, – деді Қайсенов.

– Мен оны ешқашан көрген емеспін, – деп жауап берді Ернұр.

– Жоқ, бұл жалған! «KZ_Ghost» – Жаһангердің онлайн лақап аты. Сен оны жаңа ғана айттың, – деп күлімсіреді тергеуші.

Ернұрдың иығы төмен түсіп, көзі тайды.

– Біз форумда сөйлестік. Ол жүйенің кемшіліктерін ашуды тапсырды. Мен тек код жаздым. Ақша қажет болды...

Қайсенов тыныс алуындағы өзгерісті, қолының дірілін байқап:

– Сен не істеп жатқаныңды жақсы білдің. Енді көмектесуге тиіссің.

– Флешкадағы деректер бірнеше виртуалды серверге жіберілді... Мен олардың қайда екенін білемін, – деді Ернұр әлсіз үнмен.

Қайсеновтің көзінде от тұтанып, тергеу нақты бағыт алды. Енді із тікелей Жаһангерге апаруы мүмкін еді. Топ Ернұрдың барлық байланыстарын мұқият тексеріп, чаттар мен форумдардағы IP-мекенжайлар мен хабарламаларды жан-жақты талдауға алды. Техникалық мамандар Ернұрдың соңғы байланыс жасаған серверлерін іздестірумен айналысып, олардың орналасқан жерін анықтаған. Бұл іздеу – Жаһангердің жасырын мекеніне жол ашатын аса маңызды кілт еді. Ақырында, тергеу тобы Жаһангердің орнын тапты.

Абылай Қайсенов дереу топты жинап, арнайы операцияға дайындық бастады. Бұл сәт – тергеудің шешуші кезеңі болатын. Барлау жұмыстары мен техникалық қолдау үйлестіріліп, уақыт әр минут сайын қымбатқа түсті. Жаһангердің қашуы істі ұзартуы мүмкін еді.

Түнгі қала үнсіз. Жаңбыр тамшылары көше шамдарының жарығына шағылысып, асфальтта алтын сәулелермен ойнап жатыр. «Сұңқар» арнайы жасағы Жаһангердің жасырын мекеніне жақындап келеді. Әр қадамды сақтықпен басады. Радиобайланыс арқылы тек қысқа бұйрықтар ғана естіледі. Кенет, түннің үнін жарған жарылыс болып кетті. Бұл белгі ме, әлде тосын шабуыл ба? Жасақ мүшелері дереу әрекет етіп, шабуылға дайындалды. Қайсеновтің жүрегі дүрсілдеп, әр секундтың маңызын сезінді. Топты бастап келе жатқан полковник кенет аялдады. Орта бойлы, кең иықты, бойында салқын сабыр мен жүректілік дарыған ол – заң мен шындықтың шекарасында жүріп үйренген адам еді. Шұғыл операция кезінде жасырын мекенді күзеткен екі бірдей қарулы адам қолға түсті.

Арнайы жасақ ғимаратқа енгенде оларды қараңғы дәліздер мен компьютерлердің жарығы қарсы алды. Түпкі бөлмедегі монитор алдында бір жас жігіт отырды. Ол бұрылып, сабырлы көзқараспен Қайсеновке қарады. Абылай тапаншасын тік ұстап, дауысын қатайта:

– Қолыңды көтер! Сен ұсталдың! Ешқайда қаша алмайсың, – деді. Жаһангер сәл үнсіз қалды, сосын салқынқандылық танытты:

– Менің айтарым бар.

– Барлық жауапты тергеуде айтасың, – деді Қайсенов.

Жаһангер орнынан қозғалған жоқ, көздері мазасыз күйде құқық қорғау өкіліне тік қарады.

– Сендер не үшін келдіңдер? – деді ол салмақты жауап қатып. Үнінде қырағылық бар.

– Қылмысың анықталды. Заң алдында жауап беруің керек, – деді Қайсенов өктем үнмен. Жаһангер басын шайқап:

– Сендер жағдайды толық түсінбей жатырсыңдар, – деді.

– Нені түсінбей жатырмыз? – деді нақтылай сұрады Абылай.

– Мен өз ісімді әділет үшін күрес деп есептеймін! – деді Жаһангер.

Тергеуші бір сәт ойланып қалды. Жаһангер – қаладағы ең беделді хакер. Оның күресі – әділетсіздікке қарсы үнсіз айқас. Балалық шақтағы отбасылық әділетсіздік пен жүйедегі жемқорлық оны күреске жетеледі.

Топ мүшелері бір-біріне қарады. Қайсеновтің ойында сұрақ пайда болды: Жаһангердің сөзінде шындық бар ма? Немесе бұл бір айла ма? Бұл ойын әлі аяқталған жоқ. Жаһангер – бір тұлға ғана. Ал күрес көлеңкеде жалғасып жатыр. Жаңбыр астында тұрған Қайсенов ішкі ойымен арпалысып тұрды: «Заң мен әділет – бір жолдың екі жағы. Бірақ қай жағы жарық, қай жағы көлеңке екенін тек жүрек біледі».

Тергеу бөлмесінде Қайсенов үстелге баяу отырды. Қарсы алдында – Жаһангер Сайран. Ол хакер – Дарын Көкжиеков еді. Жүзіндегі сабыр – алдамшы, артында бүлікшіл сана мен ашылмаған шындықтар бар.

– Дарын, не үшін күрескеніңді түсінгім келеді. Бірақ әділеттілікті заңсыз жолмен орнатуға болмайды, – деді Қайсенов.

Хакер тергеушіден көзін тайдырмай:

– Мен де әділет іздедім. Бірақ сенің жолың – тұрақты. Мүмкін, біз бір ғана нәрсені әртүрлі жолмен іздеген шығармыз...

Қайсеновтің жүрегі бір сәтке жұмсарып кеткендей болды. Тергеуші мен қылмыскер арасындағы бұл үнсіздік бәрінен терең еді. Сол сәтте сыртта жаңбыр сіркіреп тұрды. Іште күрестің шынайы мәні ғана қалды – ол шындық пен таңдаудың айырмашылығы.

Келесі күні таң ата бере Дарын тергеу изоляторына ауыстырылды. Қаланың тыныш өмірі жалғасып жатқанымен, ішкі істер бөлімінде бұл іс ерекше бақылауда тұрды. Қайсенов сол түннен бері ойға батқан. Жаһангер – тек хакер емес, ол идеяның, наразылықтың және жүйеге сенімсіздіктің символы еді.

Тергеу ұзаққа созылған сайын, Қайсенов шындықтың шетінен ғана ұстап тұрғандай күй кешті. Жаһангер қамауда, бірақ нағыз қауіп сыртта еді. Күнгейде – заң үстемдігі, көлеңкеде – бақылау, манипуляция, қорқыныш пен үмітсіздік билік жүргізді. Бір түнде терезе алдына хат тасталды: «Шындықты іздесең, айнаға емес, көлеңкеге қара». Қолжазба беймәлім, мазмұны суық. Ішкі істер бөлімінде белгісіз күштер тергеуге кедергі болды: құжаттар жоғалып, куәлар бас тартты. Қайсенов әділеттің тек заңмен өлшенбейтінін түсінді. Жүйе көлеңкеде әрекет етсе де, жарыққа шығатын күннің бар екеніне сену керек еді.

Жаһангер қамалды, бірақ Қайсенов өзіне еркіндік сыйламады. Сыртта көрінбейтін күш сілкінді. Бір түннің ішінде бірнеше құжат жоғалып кетіп, телефоны тыңдалғанын сезді. «Бұл тек сыртқы қарсылық емес, – деді Қайсенов іштей. – Бұл жүйенің ішкі қорғанысы».

Сол кезде телефонында белгісіз нөмірден бейнежазба пайда болды – Абылайдың қызы Еркеназ мектептен қайтып келе жатты. Таспаның төменгі жағында «Әділет іздеу – қауіпті хобби» деген жазу жарқырап тұрды.

Қайсенов күмән мен үрейдің құшағында тұрды, оның әр қадамына жүйе салмақ салып, сырлы тор құрғандай еді. Қазір оған дәлелден гөрі, таза сенім керек болды. Беймәлім күштердің жасырын қорқынышына қарсы күрес жүріп жатты, ал Қайсеновтің алдында тағдырды айқындайтын таңдау тұрды: шегіну – әділеттің өшуі, ал алға басу – өмірдің түбегейлі өзгеруі. Жүйе үнсіз отырмады, ол соққыға көшті, ал Қайсенов – күнгейдегі жалғыз шамшырақ еді.

– Мен Жаһангердің кодтарының бір бөлігін зерттедім, – деді лейтенант Данияр Жандосов. – Ол тек бұзу үшін емес, нақты жүйені әшкерелеу үшін әрекет еткен. Бірақ оның артында көзге көрінбейтін, әлдеқайда күрделі күш бар.

– Қандай күш?

– Біз ойлағаннан биік, – деп жауап берді Данияр. – Жүйені сыртынан емес, ішінен басқаратын құпия құрылым.

Қайсенов жоғалған деректердің резервтік іздерін тауып, Жаһангердің серверінде жасырын бір белгіге көз жеткізді. Бұл – хакердің де бақылауда болғанының айқын дәлелі. Жүйе оны басқарып қана қоймай, құрбандыққа да шалған еді.

Іс Ішкі істер министрлігіне жеткенде, күтпеген өрт шықты. Бұл – жүйенің ішкі күштерінің істі жаппақ болған ашық саботажы еді. Қайсенов пен Данияр шұғыл келсе де, құжаттардың көбі жалынға оранды. Дегенмен, өрт басталғанға дейін кабинет қызметшілерінің бірі құпия түрде флешканы жеке қалтасына алып шығып үлгерген болатын. Сол кішкентай құрылғы Қайсенов үшін соңғы үмітке айналды.

– Бұл жай өрт емес, – деді Қайсенов іштей. – Бұл жүйенің ашық қарсылығы. Бізге енді бұрынғыдан да сақтық керек.

Өрттің артында кім тұрғаны белгісіз еді, бірақ оқиға істің қаншалықты күрделі әрі қауіпті екенін көрсетті.

– Біз жалғыз емеспіз, – деді Қайсенов. – Біреу әлі де шындықты қалайды.

Абылай үшін бұл жай істі жабу емес, ұстанымын сақтап қалу күресі болды. Жаһангердің шындығы мен жүйенің жалғандығы арасындағы шекара айқын емес еді.

Қайсеновтің ішінде жаңа сенім пайда болды. Ол бұл күрес жеңіл болмайтынын түсінсе де, жарықтың қараңғылықты жеңетініне сенді. Флешкадағы деректер жүйенің терең құпиясын ашып, жаңа үміт сәулесін сыйлады.

Абылай алға қарай батыл қадам басты. Күнгей мен көлеңкенің арасында әлі талай құпия мен күрес жатқанын жақсы түсінді. Бірақ әділеттің отын сөндірмеуге бекініп еді. Абылайдың жүрегінде үміт оты маздап жанып тұрды. Ол өзіне үнемі қайталап отыратын сөзді еске алды: «Әділет пен заң – екі жақты айна; қай жақтан қарасаң да, жүрегіңе үңіле біл». Түннің үнсіз сыбдыры сырлы сыр айтып тұрғандай, ол күрестің әлі аяқталмағанын сезді.

Сот залындағы ауа қорғасындай еді. Терезе сыртында сіркіреген жаңбыр ішкі толқуды тереңдете түсіп, әр тамшысы тағдырдың соққысындай сезіледі. Айыпкер орнында – Жаһангер Сайран емес, шын атымен Дарын Көкжиеков отыр. Жүзі шаршаңқы, бірақ көзқарасы – сабырлы, ішкі дауылы тыншымаған адамның жанары. Судья үстел артында үнсіз қағаздарын шолып шықты да, тәртіп бойынша прокурорға сөз берді. Прокурор Ермек Құрманов орнынан көтеріліп, сыздықтаған, бірақ сенімді үнмен сөз бастады:

– Құрметті сот! Дарын Көкжиеков – хакерлік әрекеттер арқылы елдің цифрлық қауіпсіздігіне елеулі қауіп төндірген тұлға. Ол ақпараттық жүйелерге заңсыз еніп, маңызды деректерді бұрмалап, қоғамға дүрбелең тудыруы мүмкін әрекеттерге барған. Бұл – тек жеке наразылықтың көрінісі емес, тұтас мемлекеттік құрылымға деген сенімді әлсіретуге бағытталған жүйелі қылмыс.

Прокурор сәл үзіліс жасап, көзқарасын айыпкерге бұрды да, сөзін жалғады:

– Біз құқықтық мемлекетпіз. Әділет жеке сеніммен емес, заңмен өлшенеді. Сондықтан айыпкерді ҚР Қылмыстық кодексінің 205, 207, 272 және 274-баптары бойынша кінәлі деп танып, 10 жыл бас бостандығынан айыруды сұраймын.

Прокурор орнына барып отырған сәтте, зал ішіндегі азаматтар арасында үнсіз, бірақ анық сезілетін екіұдай көңіл-күй тарады. Бірі Дарынның жазасын қолдаса, енді бірі – оны әділет жолындағы құрбан ретінде көрді. Судья сөз тізгінін адвокат Бекжан Садырға ұсынды. Орта жастағы, тәжірибелі маман, жылдар бойы жүйенің сенімді өкілі саналған заңгер. Бірақ бұл жолы оның үні бұрынғыдай қатты емес, даусында әлсіз діріл бар еді.

– Құрметті сот, құрметті қатысушылар... – деп бастады ол, – Айыпкердің әрекеті заңнан тыс болғаны рас. Бірақ біз бұл істі тек заң аясында ғана емес, ар-ождан, адамгершілік тұрғысынан да қарауымыз керек. Дарын Көкжиеков – хаос тудырушы емес. Ол ешқандай материалдық пайда көздеген жоқ, ешкімге тікелей зиян келтірмеді. Оның ниеті – қоғамдағы әділетсіздікті әшкерелеу, жүйеге қарсы үн қату.

Сот залындағы үнсіздік бір сәтке уақытты тоқтатқандай болды. Бекжан сөзін жалғастырды:

– Егер қоғам әділетке жетпесе, үнсіздік – ең үлкен қылмыс. Дарын – сол үнсіздікке қарсы шыққан дауыстардың бірі. Біз бүгін оны қылмыскер деп атауға, әлде өз шындығын іздеген азамат па деп ойлануымыз керек. Бұл – тек жаза туралы емес, болашақ қоғам қандай болатыны жайлы шешім. Соттан жазаны жеңілдетуді сұраймын.

Қорғаушының дауысында іштен тынған күрес, қорғансыз шындықтың жаңғырығы бар еді. Ол сөзінің жүйеге қарсы ештеңе өзгертпейтінін білетіндей. Құжаттардың жоғалуы, куәлардың бас тартуы, тергеу кезіндегі қателіктер – мұның бәрі айтылмаған. Жаңбыр әлі де сіркіреп жауып тұрды. Терезе әйнектеріне тамшы соққылары ғана соттың салмағын сездіріп тұрғандай еді. Судья басын изеп, соңғы рет:

– Айыпкерге соңғы сөз беріледі – деді.

Дарын Көкжиеков орнынан баяу тұрды. Даусы анық, сабырлы, бірақ ішкі күйзелісті жасыра алмаған:

– Мен заңды бұзғанымды мойындаймын. Әділеттің жүзі әрдайым қағаздан көрінбейді, ол кейде шындық үшін соққан жүрек дүрсілінде естіледі. Мен өз шындығым үшін күрестім. Жүйені бұзу – мақсатым болған жоқ. Тек сол жүйе бізді елемей қойған сәтте, үнсіз қалу – сатқындықтай сезілді. Сондықтан айғайлауға мәжбүр болдым. – Ол бір сәт кідіріп, бар залға көз жүгіртті. Егер бір күні тарих мені түсінсе – сол мен үшін жеңіс. Ал егер түсінбесе – ол да шындықтың үнсіз бір қыры болып қала береді, – деді де, орындығына баяу отырды. Зал сілтідей тынды. Қара киімді судья мінберге көтерілді. Үкім қатты әрі анық оқылды, бірақ бұл қағаздағы жазадан гөрі, қоғамның бет-бейнесі туралы шешім еді:

– Дарын Көкжиеков, Сіз ҚР Қылмыстық кодексінің 205, 207, 272 және 274-баптары бойынша кінәлі деп танылдыңыз. Сот үкімі: 7 жыл бас бостандығынан айыру.

Сот балғасы соғылды. Қайсеновтің көзі Дарынға қадалды. Ішкі дауысынан айырылғандай, ол өзімен үнсіз сөйлесіп тұрды: «Дарын – қылмыскер ме, әлде жүйенің құрбандығы ма?».

Қайсеновтің ойында беймаза күмән жаңғырып жатты. Заң – оның кәсіби серігі болғанымен, дәл осы сәтте ол алғаш рет әділет кейде қағазға сыймайтынын түсінді. Жаһангер көзін тайдырмады. Оның жанарында айғай жоқ еді – бірақ сол үнсіздік Қайсеновке әлденені ескертіп тұрғандай болды. Жаңбыр терезені тықылдатып, қала үнсіздікке оранды. Бұл сәт – жанның қасіреті ғана емес, әділет пен жүйе арасындағы мәңгілік күрестің жалғасы еді.

**Асхат ӨМІРБАЕВ**

**ЗАҢ газеті**

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

**Меншік иесі:**
**«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»**
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**

| | |
|---|---|
| **Астана** | Айша Құрманғали 8 707 851 91 13. |
| **Алматы облысы** | Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84. |
| **Ақтөбе облысы** | Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83. |
| **Атырау облысы** | Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80. |
| **Маңғыстау облысы** | Жазира Әбіл 8 702 514 54 44. |
| **Қызылорда облысы** | Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86. |
| **Түркістан облысы** | Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665 |
| **Батыс Қазақстан облысы** | Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70. |

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

**E-mail: zanreklamaastana@mail.ru**

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
**Жеке таралым 5719 дана**
**Апталық таралым 11438 дана**

Тапсырыс №99 Индекс 65921

**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

**Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талаптілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31